



Өңірді өзгертегін жоба



2-бет

Ғұмырын ғылымға арнағандар



6-бет

Ақындар шықты дуэльге



8-бет

Мектеп асханасындағы ахуал нешік?

Мектеп оқушыларын сапалы әрі қауіпсіз ыстық тамақпен қамтамасыз ету – мемлекет назарындағы өзекті мәселелердің бірі. «Мектептерде бастауыш сынып оқушылары мен аз қамтылған отбасылардан шыққан балалар мемлекет есебінен тегін ыстық тамақпен қамтылуы тиіс», – деген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бұл бағыттағы жұмысты қатаң бақылауда ұстауды тапсырған. Осыған сәйкес өңірде оқушыларды ыстық тамақпен қамту жүйесін жетілдіруге бағытталған кешенді шаралар жүзеге асырылып келеді.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ыстық тағам ықыласты оятады

Білім басқармасының мәліметінше, өңір бойынша 390 мемлекеттік жалпы білім беретін мектеп жұмыс істейді. Бұл мектептерде 170 мыңнан астам оқушы білім алуда. Оқушыларды ыстық тамақпен қамту мәселесі жүйелі түрде ұйымдастырылып, әлеуметтік маңызы бар бағыттардың біріне айналды.

Қазіргі таңда 361 мектепте, яғни жалпы мектептердің 92,6 пайызында ыстық тамақ ұйымдастырылған. Нәтижесінде 168 мыңнан астам оқушы ыстық тамақпен қамтылып отыр. Оның ішінде 65 952 оқушы 1-4 сынып оқушылары, яғни бастауыш сыныптағы балалар. Бұл – баланың физиологиялық дамуы үшін аса маңызды кезеңде мемлекет тарапынан көрсетіліп отырған қолдау.

Сонымен қатар, ауылдық жерлердегі шағын жинақты мектептерде де тамақтану мәселесі назардан тыс қалмаған. Облыстағы 29 ауылдық шағын жинақты



мектепте тамақтану әртүрлі форматта ұйымдастырылған. Атап айтқанда, 17 мектепте буфеттік тамақтану жүйесі енгізілген. Бұл мектептерде 640 оқушы, оның ішінде, 311 бастауыш сынып оқушысы қамтылған. Ал, 12 мектепте кейтеринг қызметі көрсетіліп, 753 оқушы, соның ішінде, 415 оқушы 1-4 сыныпта оқитын бала-

лар ыстық тамақпен қамтамасыз етілуде.

– Мектеп оқушыларының әлеуметтік жағдайын ескере отырып, тегін тамақпен қамту шаралары да жүйелі жүргізілуде. Бүгінгі таңда облыс бойынша 71 551 оқушы тегін тамақтанады. Оның ішінде 66 678 оқушы 1-4 сынып оқушылары, ал 4 873 оқушы – әлеуметтік осал санат-

тағы отбасылардан шыққан 5-11 сынып оқушылары. Бұл санаттағы балалар «Жалпыға бірдей міндетті білім беру» қорының есебінен тегін ыстық тамақпен қамтылып отыр. Мектептегі тамақтандыру сапасын арттыру мақсатында 2025 жылғы қазан айынан бастап білім беру ұйымдарында тамақтандыру стандарты енгізіліп,



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН
ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

бірыңғай типтік мәзір бекітілді. Бұл стандарт мектеп асханаларындағы тамақтың сапасын біріздендіруге және санитарлық талаптардың сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған, – деді Қарағанды облысы білім басқармасының мектепке дейінгі тәрбие және жалпы орта білім беру бөлімі басшысының міндетін атқарушы Құндыз Адамханқызы.

Маусымдық рацион сақтала ма?

Бірыңғай мәзірді әзірлеу барысында маусымдық ерекшеліктер, яғни жаз-күз және қыс-көктем кезеңдері, сондай-ақ, оқушылардың жас ерекшеліктері мен физиологиялық қажеттіліктері толық ескерілген. Сонымен қатар, балалардың тәуліктік ақуыз, май және көмірсу тұтыну нормалары назарға алынған.

Бұл мәселеге қатысты ата-ана пікірі мынадай:

– Баламыздың мектепте ыстық тамақпен қамтылып отырғаны – біз үшін өте маңызды. Үйден шыққаннан кейін күні бойы сабақта болатын балаға құнарлы әрі сапалы тағам қажет. Қазір мектеп асханасындағы тамақтың мәзірі де, сапасы да көңілге қонымды. Әсіресе бастауыш сынып оқушыларының тегін ыстық тамақпен қамтылуы – ата-аналар үшін үлкен қолдау. Тамақтану жүйесінің бақылауда болғаны сенім ұялатады, – дейді Қамқа Қуатқызы.

Ерекше атап өтерлігі – мәзірде ерекше диеталық қажеттіліктері бар балаларға арналған ұсынымдардың енгізілуі.

➤ 5-бет

Ел дамуының күретауы

Ұлттық Құрылтайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ел дамуының стратегиялық бағыты ретінде көлік-логистика саласын, оның ішінде, теміржол инфрақұрылымын кеңейту мен жаңғыртудың маңызын ерекше атап өтті. Президенттің айтуынша, автокөлік жолдарымен қатар теміржол желілерін дамыту тасымал жүйелерінің өзара байланысын күшейтіп, Қазақстанның транзиттік әлеуетін арттыруда шешуші рөл атқарады.

Нұрдос КӨРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мемлекет басшысы соңғы жылдары бұл бағытта ауқымды жұмыстар атқарылып жатқанын тілге тиек етті. Былтыр «Достық-Мойынты» теміржолының екінші желісі іске қосылып, Алматыны айналып өтетін теміржол құрылысы аяқталды. Бұл жобалар еліміздің «Шығыс-Батыс» бағытындағы жүк өткізу мүмкіндігін айтарлықтай арттырып, Қазақстанды халықаралық көлік дәліздеріндегі маңызды буынға айналдырды. Биыл «Қызылжар-Мойынты» және «Дарбаза-Мақтарал» теміржол желілерінің құрылысы басталып, «Алтынкөл-Жетіген» мен «Жезқазған-Сексеуіл» бағыттарындағы теміржол учаскелері жаңғыртылмақ.

– Автокөлік жолдарымен қатар теміржол инфрақұрылымын да кеңейтіп, жақсарту жұмысын жалғастырамыз. Бұл – тасымал жолдарының өзара байла-



нысы тұрғысынан алғанда өте маңызды мәселе, – деді Мемлекет басшысы.

Мемлекет басшысының айтуынша, аталған теміржол желісі «Шығыс-Батыс» бағытының жүк өткізу қабілетін едәуір арттырып, транзиттік тасымалдың жаңа кезеңін бастайды. Сонымен қатар, Президент Үкіметке «Бақты-Аягөз» және «Қызылжар-Мойынты» жобаларын уақытылы іске асыруды тапсырды. Бұл бастамалар еліміздің теміржол жүйесінің толыққанды қаңқасын қалыптастырып, өңірлердің экономикалық байланысын нығайтпақ. ҚР Көлік министрлігінің мәліметінше, «Достық-Мойынты» теміржол желісінің екінші жолы «Мойынты-Достық» және

Алашанькоу бағыттарындағы транзиттік өткізу қабілетін арттыруға бағытталған. Жоба толық аяқталғаннан кейін жүк пойыздарының қозғалысы жеделдеп, контейнерлік пойыздардың жылдамдығы тәулігіне 1500 шақырымға дейін жетеді деп күтілуде. Сонымен қатар, бұл телімді электрлендіру жоспарланып отыр, бұл көлік-логистика жүйесінің экологиялық және экономикалық тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Аталған жоба Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты есебінен қаржыландырылуда. Қазіргі таңда жалпы ұзындығы 166 шақырымды қамтитын жаңа бағытта соңғы құрылыс жұмыстары



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН
ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

жүргізілуде. Бұған дейін 127 шақырымдық «Балқаш-Мойынты» учаскесі пайдалануға берілген. Құрылыс аясында 5 ірі, 87 шағын және орта көпір, 288 су өткізу құбыры, 14 автожол өткелі, сондай-ақ энергетика мен байланыс нысандары салынды.

Қазақстан мен Қытай шекарасында орналасқан «Достық» жүк тасымал стансасы бүгінде еліміздің шығыстағы ең ірі логистикалық тораптарының біріне айналды. 1991 жылы ашылған станса қазіргі таңда Қытай мен Еуропа арасындағы контейнерлік ағынның 70 пайызына жуығын қабылдап, өңделіп, жөнелтіп отыр. Өткен жылы мұнда 23 миллион 120 мың тонна жүк тасымалданса, биылғы жоспар 26 миллион 800 мың тоннаны құрайды. Сегіз айдың ішінде, жүк айналымы өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 119 пайызға артқан.

Теміржолды дамыту – елдің экономикалық дербестігін нығайтып, геосаяси маңызын арттыратын негізгі бағыттың бірі. «Достық-Мойынты» теміржол учаскесінің екінші жолы Қазақстанның халықаралық транзиттік әлеуетін күшейтіп, көлік-логистика жүйесінің жаңа тынысын ашпақ. Бұл жоба – сапалы инфрақұрылым арқылы ел экономикасын алға бастайтын, болашаққа бағытталған маңызды қадам.

Сурет автордан

• БАЛА – БОЛАШАҒЫМЫЗ

«Қазақстан балалары» бағдарламасы қабылданды

«Қазақстан балалары» Ұлттық бағдарламасы – еліміздегі 6,9 миллион баланың әл-ауқатын қамтамасыз етуге бағытталған кешенді стратегия. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен әзірленген бұл бағдарлама – соңғы жылдардағы ауқымды реформалардың заңды жалғасы.

Мемлекет басшысының жетекшілігімен Қазақстан Орталық Азия өңірінде бала құқықтарын қорғаудың жоғары стандарттарын қалыптастыруға елеулі үлес қосып, айтарлықтай прогреске қол жеткізді. Осы кезеңде 10-нан астам маңызды заң қабылданып, баланың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің озық тетіктері енгізілді.

Қазақстанның стратегиялық серіктестігі ретінде ЮНИСЕФ бағдарламаны дайындау барысында сараптамалық қолдау көрсетті.

Бағдарламаның азаматтық сектордың қатысуымен және ең бастысы – талқылаулар барысында айтылған балалардың өз пікірлерін ескере отырып әзірленуі аса құнды.

Арайлым КӨРІҒҮЛ,
Е.Бөкетов атындағы
ҚарҰЗУ
IV курс студенті

• ӨНДІРІС – ӨҢІР ӨЗЕГІ

Өңірді өзгертетін жоба

Облыста өңір экономикасын әртараптандыруға бағытталған ауқымды индустриялық жоба – алюминий кластерін құру басталды. Кластердің өзегіне айналатын Silumin of Qazaqstan зауытты «Сарыарқа» арнайы экономикалық аймағында салынып жатыр. Жоба алюминий қалдықтарын қайта өңдеуден бастап, дайын тұрмыстық өнім шығаруға дейінгі толық өндірістік циклды қамтиды.

Салтанат ІЛНІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жаңа өндіріс алаңына жұмыс сапары барысында облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев барып, құрылыс пен жабдықтарды монтаждау жұмыстарының барысымен танысты. Өңір басшысының айтуынша, жоба белгіленген кестеге сәйкес қарқынды жүзеге асырылуда: өндірістік ғимарат толық тұрғызылып, қазір технологиялық жабдықтарды орнату кезеңі жүріп жатыр.

– Бұл – өңір үшін мүлде жаңа бағыттағы өндіріс. Алдағы уақытта осы зауыттың негізінде толыққанды алюминий кластерін қалыптастыруды көздеп отырмыз. Мұнда алюминий сынықтары қайта өңделіп, радиаторлармен қатар түрлі дайын бұйымдар шығарылады. Алғашқы өнімді көктем мезгілінде алу жоспарлануда, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Silumin of Qazaqstan зауыты алюминий және биметалл жылыту радиаторларын өндіруге маманданады. Жоба толық өндірістік циклға негізделген. ECG технологиясы бойынша алюминий сынықтары АДЦ-12 және АК-12М2 қорытпаларына өңделіп, кейін радиатор секциялары жоғары қысыммен құйылады. Одан әрі өнімдер механикалық өңделіп, боялып, міндетті сынақтардан өткізіледі.



Суреттер облыс әкімінің сайтынан

дәл механикалық өңделіп, боялып, міндетті сынақтардан өткізіледі.

Зауыт директоры Нұрсұлтан Жұмабектің айтуынша, қолданылатын технологиялар Италия мен Германияның жылу механикасы институттарымен бірлескен ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың нәтижесінде әзірленген.


– Бұл технологиялар жоғары жылу беру көрсеткішіне ие, бәсекеге қабілетті өнім шығаруға мүмкіндік береді. Біз ішкі нарықпен қатар экспортқа да бағдарланамыз, – деді ол.

Кәсіпорынды дәл «Сарыарқа» арнайы экономикалық аймағында орналастыру өңірдің географиялық және логистикалық артықшылықтарымен байланысты. Қарағанды облысы елдің орталығында орналасқан, негізгі көлік бағыттарына жақын әрі білікті кадрлық әлеуеті қалыптасқан ірі индустриялық өңір саналады.

Зауыттың жобалық қуаты жылына 5,5 миллион радиатор секциясын құрайды. Алғашқы кезеңде 250 жаңа жұмыс орны ашылады. Қазіргі таңда 30 маман арнайы оқытудан өтіп жатыр, олар болашақта өндірістік шеберлер ретінде еңбек етеді. Ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес, қызметкерлер саны 750 адамға дейін ұлғайып, өнім түрлері де кеңейтіледі.

Алюминий кластерін дамыту жұмыстары алюминий технологиялары мен инжиниринг орталығының базасында жалғасады. Бұл алаңда бизнес, мемлекет және ғылым өкілдері бірлесіп жұмыс істейді. Жаңа технологияларды енгізу мен кадр даярлауға ғылыми-зерттеу институттары мен Қарағанды өңірінің жоғары оқу орындары тартылады.

Сапар барысында облыс әкімі Solidcore Resources компаниялар тобына арналған геологиялық барлау сынақтарын зерттейтін зама-



науи зертхананың құрылысымен де танысты. Бұл зертхана өңірдегі өзге өнеркәсіп кәсіпорындарына да қызмет көрсетпек.

– Мемлекет басшысы геологиялық барлау жұмыстарын күшейту қажеттігін бірнеше рет атап өтті. Мұндай жұмыстар заманауи зертханаларсыз мүмкін емес. Бұл жоба бүгінгі талаптарға толық жауап береді, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Аталған нысанда 160 жаңа жұмыс орнын ашу жоспарланған. Қазірдің өзінде жоғары оқу орындары мен колледждермен бірлесіп, мамандар даярлау жұмыстары басталған.

Сонымен қатар, өңірде теміржол көлігіне арналған қосалқы бөлшектер мен дөңгелек жұптарын шығаратын зауытты іске қосу жоспарланып отыр. Кәсіпорын толық салынған, кірме теміржол желілерімен қамтамасыз етілген. Өнім шығару биылғы жылдың бірінші жартыжылдығына белгіленген.

Тағы бір инвестициялық жоба – өсімдіктерді қорғау құралдарын өндіретін зауыт. Қазіргі уақытта алғашқы кезең нысандарының құрылысы басталып, алдағы уақытта гербицидтер, фунгицидтер және өзге де агрохимиялық өнімдер шығару көзделуде.

– Бүгінде «Сарыарқа» ар-

найы экономикалық аймағында бір мезетте бірнеше ірі инвестициялық жоба іске асырылуда. Инвесторлар мемлекет тарапынан нақты қолдауды сезінуде. Жакын уақытта аймаққа табиғи газ жеткізіледі, бұл өнімнің өзіндік құнын төмендетуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, арнайы экономикалық аймақты кеңейту жоспарда бар, – деп түйіндеді облыс әкімі.

• «БІР АУЫЛ – БІР ӨНІМ»

Мүмкіндікке жол ашады

Қарағанды облысында «Бір ауыл – бір өнім» бастамасы – ауыл кәсіпкерлерін қолдаудың жаңа мүмкіндігі. Облысымызда ауылдық және шағын қалалардағы кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған «Бір ауыл – бір өнім» жобасына өтінім қабылдау басталды. Жоба жергілікті ресурстарды тиімді пайдалана отырып, отандық өндірісті өркендетуді көздейді.

Аталған жобаға облысымыздың кез келген тұрғыны қатысуға мүмкіндігі бар. Бұл бастамаға ең алдымен өз ауылында немесе елдімекенінде кәсіп ашуға ниетті, жергілікті шикізаттан өнім шығаратын азаматтарға арналған. Жобаға азықтүлік, қолөнер, ауыл

шаруашылығы өнімдерін өңдеу, экологиялық таза тауарлар мен ұлттық нақыштағы бұйымдар өндіретін кәсіпкерлер қатыса алады. Бағдарлама аясында қатысушыларға консультациялық қолдау көрсетіліп, келешегі бар өнімдер таңдалып алынады. Со-

нымен қатар, жобаның іріктеу кезеңінен сәтті өткен кәсіпкерлердің өнімдері арнайы өңірлік көрмеге ұсынылады. Жобаның маңызды кезеңі – өнімдерді іріктеу және өңірлік көрмеге шығару. Көрме нәтижесінде жобаның финалистері анықталып, оқыту және маркетингтік сүйемелдеу бағдарламаларынан өтеді. Бұл өнімді жетілдіруге, оның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, ішкі нарықтарға ілгерілетуге және жобаның республикалық кезеңіне қатысуға мүмкіндік береді. Іс-шара қатысушылар үшін

өнімдерін халыққа таныстыруға, жаңа серіктестер табуға және нарықтағы сұранысты бағалауға үлесін молынан тигізеді. Нәтижесінде көрме арқылы жас кәсіпкерлер тәжірибе алмасып, өз өнімін жетілдіру жолында үлкен мүмкіншілікке қол жеткізеді.

Ұйымдастырушылардың айтуы бойынша «Бір ауыл – бір өнім» ауылдық аймақтардың экологиялық әлеуетін арттыруға, халықты тұрақты табыспен қамтамасыз етуге және өңірлік брендтерді қалыптастыруға өз ықпалын тигізеді. Аталмыш іс-

шара ауыл тұрғындарының өз мүмкіндігін іске асырып, шағын бизнесін дамытуға үлкен септігін тигізеді.

Жобаға қатысу үшін өтінімдер Қарағанды қаласы, Тәттімбет көшесі, 709 мекенжайы бойынша қабылданады. Жобаға қатысты толық ақпарат «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының ресми сайтында жарияланған.

Мирас ЫБРАЙ,
Е.Бөкетов атындағы
ҚарҰЗУ IV курс студенті

• РЕСМИ

Айналым мерзімі өзгереді

Қазақстан Ұлттық банкі 10 000 теңгелік ескі үлгідегі банкноттардың параллель айналымда болу мерзімін ұзарту мүмкіндігін қарастырып жатыр.

Қазіргі таңда елде «Сақ стилі» атты жаңа сериядағы банкноттарды кезең-кезеңімен айналымға енгізу жұмыстары жалғасуда. Жаңа сериядағы барлық номиналдар шығарылған. Тек, 20 000 теңгелік банкнот қана қалды. Оны жыл соңына дейін айналымға енгізу жоспарда.

Ұлттық банктің мәліметінше, жаңа банкноттар шығарылған кезде параллель айналым кезеңі белгіленеді. Бұл кезеңде азаматтар ескі банкноттармен еркін төлем жасап, оларды жаңа үлгідегілерге айырбастай алады. Сонымен қатар, банктер осы уақыт ішінде банкоматтар мен кассалық жабдықтарды жаңа купюраларға бейімдейді.

Биыл бірқатар банкноттардың бойынша параллель айналым мерзімі аяқталады. Атап айтсақ, 10 000 теңге – 2024 жылғы 28 маусымнан 2026 жылғы 27 маусымға дейін, 2 000 теңге – 2024 жылғы 25 желтоқсаннан 2026 жылғы 24 маусымға дейін.

Алайда, Ұлттық банк 10 000 теңгелік банкноттардың айналым мерзімін ұзарту мәселесін қарастырып отыр. Себебі, бұл номинал халық пен кәсіпкерлер арасында ең көп қолданылатын купюра болып саналады.

Қаржы реттеушісінің түсіндіруінше, 2 000 және 10 000 теңгелік банкноттардың параллель айналымының бір мезгілде аяқталуы банк жүйесіне қосымша салмақ түсіруі мүмкін. Сондықтан, мерзімді ұзарту азаматтар мен бизнес өкілдеріне ескі купюраларды жаңа банкноттарға біртіндеп, әрі ыңғайлы түрде ауыстыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл ескі үлгідегі банкноттардың табиғи түрде айналымнан шығуына жағдай жасайды.

Параллель айналым кезеңі аяқталғаннан кейін барлық банктер мен «Қазпошта» АҚ ескі үлгідегі банкноттарды жаңа купюраларға үш жыл бойы айырбастайтын болады. Ал, Ұлттық банк филиалдарында мұндай айырбастау мерзімсіз жүзеге асырылады.

Шұғыла
ТӨҢІРБЕРГЕНҚЫЗЫ,
Е.Бөкетов атындағы
ҚарҰЗУ IV курс студенті

• АГРОКЕШЕН

«Ақнардағы» ақылды ферма

Облыста құс шаруашылығы саласы жаңа технологиялық кезеңге өтті. Бұқар жырау ауданындағы «Ақнар» құс фабрикасында жасанды интеллект элементтері енгізілген, «ақылды» климат-бақылау жүйесімен жабдықталған заманауи жаңа құс фермасы іске қосылды. Бұл жоба өндіріс көлемін арттырып қана қоймай, өнім сапасын жақсартуға және энергия ресурстарын тиімді басқаруға мүмкіндік беріп отыр.

Салтанат ІЛНІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұқар жырау ауданына жұмыс сапары барысында облыс әкімінің орынбасары Руслан Кенжебековке цифрлық технологияларды енгізудің тиімділігі мен кәсіпорынның даму жоспарлары көрсетілді.

Ботақара кентінде орналасқан «Ақнар» құс фабрикасы бройлер бағытындағы құс етін өндіруге маманданған. Кәсіпорында өсірілетін бір тәуліктік балапандар Венгриядан жеткізіледі. Бүгінде фабрика құс етінен дайындалатын жиырмадан астам өнім түрін шығарады.

Соңғы екі жылда кәсіпорында ауқым-



ды жаңғырту жұмыстары жүргізіліп келеді. Жаңа іске қосылған құс фермасы – фабрикадағы 29-шы өндірістік нысан. Ол толықтай автоматтандырылған климат-бақылау жүйесімен жабдықталған. Жасанды интеллект негізінде жұмыс істейтін бұл жүйе құстың жасына, сыртқы температура мен ылғалдылыққа қарай микроклимат параметрлерін автоматты түрде реттеп отырады.

Кәсіпорын алдағы уақытта да өндірісті



Суреттер облыс әкімінің сайтынан

кеңейтуді жоспарлап отыр. Биыл Үштөбе аумағында тағы алты жаңа құс қорасын салу көзделген. Ол үшін қажетті заманауи жабдықтар алдын ала сатып алынған.

– Жаңа құс қорасы жылына шамамен 300 тонна қосымша ет өндіруге мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта келесі нысанның құрылысы басталып кетті. Биыл 10 600 тонна өнім өндіруді, келесі жылы өнім көлемін 12 мың тоннаға жеткізуді жоспарлап отырмыз. Ал, 2027-2029 жылдары жыл сайынғы өндірісті 17 мың тоннаға дейін арттырып, жалпы көлемді екі есеге ұлғайту көзделуде. Бұл Қарағанды облы-

сын отандық құс етімен толық қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, – деді «Ақнар ПФ» ЖШС директоры Виктор Колчев.

Қазіргі таңда кәсіпорында 400-ге жуық адам еңбек етеді. Өндірістің ұлғаюына байланысты жаңа жұмыс орындары ашылмақ. Жаңа цехты басқару жас маман Людмила Туржановаға сеніп тапсырылған.

– Құс шаруашылығында алты жылдан бері жұмыс істеймін. Бұл – мен үшін осындай заманауи нысандағы алғашқы тәжірибе. Қорада 18 мың бас құс бар. Автоматтандырылған жүйелермен жұмыс істеу үшін арнайы оқудан өттім. Егер температура немесе басқа көрсеткіштер ауытқиса, компьютер бірден ескерту береді. Біз сол сәтте-ақ барлық параметрді реттейміз, – дейді ол.

Саланың дамуына мемлекеттік қолдау да айтарлықтай серпін беріп отыр. Жеңілдетілген несиелер мен ет бағытындағы құс шаруашылығын субсидиялау тетіктері цифрлық шешімдер мен озық технологияларды енгізуге жол ашуда. Нәтижесінде жергілікті өндірушілер ішкі нарықтағы позициясын нығайтып, өңірдің азықтүлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге өз үлесін қосып келеді.

• ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЕСЕБІ ҚАРСАҢЫНДА

Сенімді өсім, нақты нәтиже

Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету, өңір экономикасын жүйелі түрде әртараптандыру, шағын және орта бизнесті қолдау мен дамыту, сондай-ақ, адами капиталдың сапасын арттыру жөніндегі кешенді шаралар – біртұтас стратегиялық мақсат: өңір тұрғындарының әл-ауқатын арттыруды көздейді. Аталған басымдықтар халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға, табыс деңгейін ұлғайтуға және әлеуметтік тұрақтылықты нығайтуға негіз болады.

Инвестиция мен инфрақұрылым

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына «Қазақстан жасанды интеллект дәуірінде: цифрлық трансформация арқылы өзекті міндеттер мен оларды шешу жолдары» атты Жолдауында белгіленген міндеттерді іске асыру аясында 2026-2028 жылдарға арналған Қарағанды облысының әлеуметтік-экономикалық даму болжамы әзірленіп, бекітілді. Құжат облыс әкімдігінің қаулысымен мақұлданды. Сонымен бірге, Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарының міндеттерін орындауға бағытталған 2026-2030 жылдарға арналған облыстың даму жоспары әзірленді. 2025-2029 жылдарға арналған Қарағанды агломерациясын дамытудың кешенді жоспары іске асырылуда. Бұл стратегиялық құжат өңірдің тұрақты және теңгерімді әлеуметтік-экономикалық дамуына бағытталған даму бағытын айқындайды. Облыстың экономикалық саясатының негізгі басымдықтары қатарында макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету, технологиялық жаңғыртуды енгізу, кәсіпкерлікті ынталандыру, адами капиталдың сапасын арттыру және мемлекеттік басқаруды жетілдіру бар.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен Қазақстанның монокалалары Саран қаласының экономикасын әртараптандырудың табысты тәжірибесін белсенді енгізу үстінде. Мәселен, Теміртауда төрт ірі жоба іске қосылды. Мәселен, Алюминий профилін өндіру және дайындау («KazPromAluminium» ЖШС), тау жұмыстарына арналған арматуралық анкерлік бекітпелерді өндіру («ТехРаботыKZ» ЖШС), тауарлық бетон және темірбетон бұйымдарын өндіру кешені («Бетон Сервис KZ» ЖШС) және алкогольді сусындар өндірісі («Торговая Сеть Вавилон» ЖШС). Абайда Абай тігін фабрикасының өнеркәсіптік кешені қалпына келтірілуде. Сондай-ақ, осында «Деметра 2005» ЖШС өндірісі кеңейтіліп, металл жабдықтарды жөндеу және қалпына келтіру бойынша өндірістік қуаттар жаңғыртылуда.

Балқашта туризмді дамытуға ерекше назар аударылуда. 2023-2027 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық дамудың кешенді жоспары аясында жағалау жаңғыртылу үстінде. Жаңа туристік нысандар құрылып, инженерлік инфрақұрылым жақсартылуда. «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында ауылдық жерлерде өмір сүру сапасын арттыру мақсатында 2025 жылы шамамен 57 мың адам тұратын 30 елдімекенде 30 жобаны іске асыруға 8,2 млрд теңге бағытталды. Осакаров ауданында сумен жабдықтау жоба-

сы іске асырылды. Шұңқыркөл ауылында 10,7 км су құбырлары желілері тартылып, 516 адамды сапалы сумен қамтамасыз етті. Ішкі елдімекен жолдарының шамамен 67 км жөнделді. Ақтоғай ауданында жылумен жабдықтау жобалары басталса, Шет ауданында сумен жабдықтау жобасы, облыс аудандары бойынша төрт спорт нысанының құрылысы, екі мәдениет нысанының құрылысы және күрделі жөндеуі, аудандардағы жолдардың орташа жөндеуі бойынша бес жоба іске асырылды.

Ауылда мамандарды ынталандыру мақсатында «Дипломмен – ауылға» жобасы аясында өткен жылы әлеуметтік саладағы 121 маманға тұрғын үй сатып алу үшін 978,2 млн теңгеге бюджеттік кредиттер берілді. 416 маманға 163,6 млн теңге көлемінде көтерме жәрдемақы төленді. Жастар жалпы мамандар санының 86%-ын құрайды. Демек, жастардың ауылдық аудандарда жұмыс істеуге жоғары қызығушылығы зор. 2026 жылға тұрғын үй сатып алу үшін 108 маманға бюджеттік кредиттер, 340 маманға көтерме жәрдемақы қарастырылған.

Өсім нүктелері

Өндеу өнеркәсібінің белсенділігіне тоқталғанымызда 2025 жылдың қорытындысы бойынша экономиканың өсу қарқыны 5,4%-ды құрады. Өнеркәсіптік өндіріс көлемі 4,9 трлн теңгеге жетіп, 6%-ға өсті. Өңір экономикасының негізгі драйверлері өндеу және тау-кен өнеркәсібі болды. Осы салаларда нақты көлем индексі тиісінше 105,8% және 107,4% деңгейіне жетті. Өндеу өнеркәсібі тұрақты дамып келеді. Өндіріс көлемі 3,8 трлн теңгені құрады. Көрсеткіш экономиканы әртараптандыру әрі жоғары қосылған құны бар өнім шығару бағытының дұрыс екенін көрсетеді. Сала локомотиві металлургия болып қала береді (сектордың 64%-ы). Мұнымен қатар, басқа да салалар белсенді өсуде. Мәселен, жеңіл өнеркәсіп – 2,1 есе, резеңке және пластмасса бұйымдары – 1,3 есе, фармацевтика және химия өнеркәсібі – 1,2 есе артты. Машина жасау, тамақ және құрылыс индустриясының қарқыны аршынды. Тау-кен өндіру саласындағы өсім 7,4%-ды құрады. Темір рудасын өндіру 9,3%-ға, темір рудасы концентратын өндіру – 0,7%-ға, қорғасын концентратын өндіру – 1,8%-ға, көмір концентратын өндіру – 11,5%-ға артты.

Шағын және орта бизнес өңірде сенім ұялатарлық деңгейде дамып келеді. Қолданыстағы ШОБ субъектілерінің саны 102 712 бірлікке жетіп, өткен жылмен салыстырғанда 1 116-ға артты. Бұл ішкі сауда көлемінің айтарлықтай өсуіне игі ықпал етті. Былтырғы көрсеткіш 1,9%-ға өсіп, 5 190,6 млрд теңгені құрады (2024 жылы



– 4 599 млрд теңге). Ауыл шаруашылығы да өсімін еселемесе, кемігпеді. Жалпы өнім көлемі 531,9 млрд теңгені құрады. Бір жылда 31 жоба іске асырылып, ет, сүт және жұмыртқа өндірісі өсіп келеді.

Ал, құрылыс саласындағы өсім 4,2%-ды құрады. Жыл ішінде шамамен 597 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріліп, инфрақұрылымдық жобаларды іске асырудың жоғары қарқынын айқындады. Облыстың негізгі капиталына тартылған инвестициялар көлемі 1 трлн 386,7 млрд теңгені құрады. Өсімнің негізгі драйверлері инвестициялық әрі инфрақұрылымдық жобалар болды. 2025 жылы жалпы сомасы 279 млрд теңгеге 28 инвестициялық жоба іске асырылды. Жергілікті бюджетке түсетін кірістер жоспарланған көрсеткіштен 5,7%-ға асып, 430,6 млрд теңгені құрады. Облыста 19 мыңнан астам жаңа жұмыс орны құрылып, өткен жылмен салыстырғанда 10,6%-ға көбейген. Орташа жалақы (2025 жылдың III тоқсаны) 410 314 теңгені құрады да, жұмыссыздық деңгейі – 4,0%-ды (2025 жылдың III тоқсаны) құрады. Бұл республикалық орташа деңгейден 0,6 пайыздық тармаққа төмен.

Биылғы жылы өңір экономикасының өсімі кемінде 6% деңгейінде жоспарланып отыр. Негізгі драйверлер: өнеркәсіп (+7%), ауыл шаруашылығы (+4%), құрылыс (+3%), көлік қызметтері (+7%) және сауда (+7,8%) болып танылмақ. Ағымдағы жылы жалпы сомасы 312 млрд теңгені құрайтын 41 жобаны іске асыру жоспарланған. Нәтижесінде 3 149 жаңа жұмыс орны ашылады. Инвестиция тарту мақсатында 2030 жылға дейін облыста жалпы құны 3,5 трлн теңгені құрайтын 124 жобадан тұратын пул қалыптастырылып, 21 мыңнан астам жаңа жұмыс орнын құруға мүмкіндік бермек. 2026 жылы облыс экономикасына салынатын инвестициялардың жалпы көлемі 1,9 трлн теңге деңгейінде болжанып отыр.

Қуатты экономика, жауапты бюджет

2025 жыл қорытындысы бойынша облыстық бюджет көлемі 661,5 млрд теңгені құрады. Аймақ бюджетінің меншікті

кірістері 179,6 млрд теңге сомасында немесе 104,3% деңгейінде, яғни, 7,4 млрд теңгеге артығымен орындалды. Жалпы алғанда, өткен жыл қорытындысы бойынша экономиканың өсу қарқыны 5,4%-ды құрады. Соған сәйкес, салық түсімдері де артты. Атап айтқанда, шағын және орта бизнес субъектілерінен корпоративтік табыс салығы есебінен кәсіпорындар пайдасының өсуі мен өткізу жоспарларының ұлғаюы оң септігін тигізді. Облыстағы шаруашылық жүргізуші субъектілердің еңбекақы қорының өсуі нәтижесінде жеке табыс салығы мен әлеуметтік салық, қоршаған ортаға теріс әсер еткені үшін төлемдер, сондай-ақ, басқа да кіріс көздері бойынша түсімдер өсті. Былтырғы жыл нәтижесінде биыл ұзақ мерзімді жоспарларды іске асыру үшін берік негіз қалады.

Осылайша, 2026 жылға арналған облыстық бюджет республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттерді, бюджеттік кредиттерді және мемлекеттік бағалы қағаздар шығару есебінен тартылатын қарыздарды ескере отырып, 578,1 млрд теңге көлемінде бекітілді. Оның ішінде, меншікті кірістер – 97,1 млрд теңге, нысаналы трансферттер – 11 млрд теңге, бюджеттік кредиттер – 12,8 млрд теңге, қарыздар – 25,5 млрд теңге. Ағымдағы жылғы облыстық бюджет шығыстарының ең үлкен үлесі әлеуметтік салаға тиесілі әрі ол жалпы шығыстар көлемінің 61,8%-ын құрайды. Әлеуметтік сала нысандарының материалдық-техникалық базасын нығайтып, күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге жоспарлы-кезендік тәртіпке ерекше көңіл бөлінуде.

Бюджеттің жалпы көлемінің 26,7%-ы экономиканың нақты секторын қолдауға және сапалы да тұрақты дамуын қамтамасыз етуге, бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға бағытталды. Қаражат бастау алған бюджеттік инвестициялық жобаларды жалғастыра отырып аяқтауға базалық инфрақұрылымды одан әрі дамытуға, халықты әлеуметтік қолдауға бағыталады. Атап айтқанда, жылумен, сумен және газбен жабдықтауды дамыту, көлік инфрақұрылымын, оның ішінде әуе көлігі саласындағы жобаларды жаңғырту, әлеуметтік сала объектілерін салу мен жаңарту көзделген. Әлеуметтік осал топтарға арналған тұрғын үй сатып алуға ерекше назар аударылып, бұл азаматтардың өмір сүру сапасын жақсартуға оң ықпал етеді. Алдағы кезеңде даму бюджетін дәйекті іске асыру өңірдің тұрақты экономикалық өсуі мен тұрғындардың әл-ауқатын арттыру үшін берік негіз қалыптастырады.

Теңгерімді даму

Ағымдағы жылы ауылдық елдімекендер мен шағын қалалар тұрғындарының табысын арттыру жобасы жалғасуда. Оның аясында тұрғындар жаңа бизнес ашу немесе қолданыстағы бизнесті кеңейту үшін жеңілдетілген шарттармен микрокредиттер ала алады. Республикалық

бюджеттен берілетін кредиттер есебінен облыста агроөнеркәсіптік кешен саласындағы инвестициялық жобаларды қаржыландыру жоспарлануда. Биыл облыс аумағында ветеринариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында алғаш рет ветеринариялық станциялар, пункттер және мал көметін орындар сатып алуға елеулі қаражат қарастырылды.

Құқық қорғау қызметін қамтамасыз етуге, төтенше жағдайлардың алдын алуға, азаматтық қорғанысты ұйымдас-тыруға, сондай-ақ, пробация қызметінің жұмысына бюджеттің жалпы шығыстарының 4,7%-ы бағытталады. Облыс өңірлерінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында ағымдағы жылы «Қауіпсіз қала» жобасын іске асыру жалғасады. Жоба аясында бейнебақылау жүйелерінің, елдімекендердегі жолдарда жол қозғалысы ережелерін бұзуды тіркеу жүйелерінің жұмыс істеуі қамтамасыз етіледі. Облыстық бюджеттегі жалпы мемлекеттік шығыстар жалпы шығыстар көлемінің 5,8%-ын құрайды. Бұған облыстың аудандары мен қалаларына берілетін субвенциялар, жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы қарызын өтеу, оған қызмет көрсету, сондай-ақ, жергілікті атқарушы органның резерві кіреді.

Жергілікті атқарушы орган резервінде облыс аумағында қолайсыз әлеуметтік-экономикалық жағдай туындаған жағдайда жедел әрекет ету үшін қаражат көзделген. Жалпы алғанда, 2026 жылға арналған облыстық бюджет экономиканың барлық салаларын қамтып, экономикалық тұрғыдан тиімді бағдарламаларға шоғырланған. Сондай-ақ, осы жылы бюджетаралық қатынастардың жаңа кезеңі басталып, 2026-2028 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің жаңа көлемдері бекітілді. Алдағы үш жылдық кезеңде жалпы сипаттағы трансферттердің тұрақтылығы сақталатын болады. Жаңа бюджеттік заңнамаға сәйкес, 2026 жылдан бастап, аудандар мен облыстық маңызы бар қалалардың бюджеттеріне корпоративтік табыс салығы мен жеке табыс салығы бойынша түсімдер толық көлемде берілді.

Биыл облыстың сегіз өңірі субвенциялық болып табылады. Олар – Абай, Ақтоғай, Қарқаралы, Нұра, Осакаров аудандары және Приозерск, Саран, Шахтинск қалалары. Донор өңірлер – Балқаш, Қарағанды, Теміртау қалалары, Бұқар жырау мен Шет аудандары. Жалпы сипаттағы трансферттер көлемі өңірлердің қаржылық дербестігін кеңейту, әлеуметтік игіліктер мен мемлекеттік қызметтерге қолжетімділікті теңестіру бойынша жаңа тәсілдерді ескере отырып есептелді.

Көзделген жеңіл міндеттерді орындау жөніндегі жүйелі жұмыс жалғасатын болады.

Дулат АШКЕНОВ,
Қарағанды облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы

Бюджет қаржысы сапалы игерілді

Қарағанды облысының қаржы және мемлекеттік активтер басқармасы өткен жылы өңірдің бюджеттік тұрақтылығын қамтамасыз етуге, мемлекеттік активтерді тиімді басқаруға және қаржы процестерінің ашықтығын арттыруға бағытталған жүйелі жұмыстар атқарды. Басқарманың қызметі облыс бюджетінің атқарылуын ұйымдастыруды, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің жұмысын үйлестіруді, мемлекеттік сатып алуды жүргізу мен талдауды, сондай-ақ, коммуналдық мүлікті басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтыды.



коммерцияландыру жөнінде нақты міндет қойылғаны белгілі. Осыған сәйкес, былтырғы жылдың қараша айында «Шахтер» футбол клубы» акционерлік қоғамын сату бойынша сауда-саттық өткізілді. Нәтижесінде клубтың жаңа иесі «TURLOV PRIVATE HOLDING Ltd» жеке компаниясы болып айқындалды. Клубты сатудан түскен 55,3 млн теңге көлеміндегі қаражат толықтай облыстық бюджетке түсті.

Сонымен қатар, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының жаңа Заңы күшіне еніп, сатып алу жүйесінде жинақталған бірқатар түйткілді мәселелерді шешуге мүмкіндік берді. Атап айтқанда, рәсімдерді жүргізу мерзімдері айтарлықтай қысқартылды. Ендігіде конкурстық құжаттаманы талқылау уақыты 5 жұмыс күнінен 2 күнге, өтінімдерді қабылдау 15 күннен 5 күнге, өтінімдерді қарау және қорытынды шығару мерзімі 10 күннен 3 жұмыс күніне дейін азайтылды. Нәтижесінде мемлекеттік сатып алуды өткізудің орташа уақыты 30 жұмыс күнінен 10 жұмыс күніне дейін қысқарып, мемлекеттік жобаларды жедел іске асыруға жол ашылды.

Рәсімдерді оңайлату және сыйайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету мақсатында сатып алуды өтпеді деп тану негіздері қайта қаралды. Бұрын бір ғана өнім беруші қатысқан жағдайда сатып алу өтпеген деп танылатын болса, жаңа тәртіп бойынша біліктілік талаптарына

сәйкес келген өнім берушімен шарт жасасуға мүмкіндік берілді.

Шағымдарды қарау тетігі де жаңартылды. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға қосымша өкілеттіктер беріліп, шағымдарды тікелей сол органның өзі қарайтын болды. Бұл сатып алу рәсімдерінің негізсіз тоқтап қалуына жол бермей, процестің үздіксіз жүруін қамтамасыз етеді. Ал, әлеуетті өнім берушілер ұйымдастырушы шешімімен келіспеген жағдайда, заңнамаға сәйкес сот тәртібімен шағымдану құқығын сақтады.

Қарағанды облысының қаржы және мемлекеттік активтер басқармасы өз қызреті шеңберінде мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы ретінде жүйелі түрде жүргізіп келеді. Мемлекеттік сатып алу мен активтерді басқарудағы ашықтықты қамтамасыз ету, бюджеттің теңгерімділігі мен қаржылық тұрақтылықты сақтау бағытындағы жұмыс алдағы кезеңде де жалғасын табады. Қорыта айтқанда, өткен жылғы қызмет нәтижелері өңірдің орнықты дамуына қаржылық негіз қалыптастыруға және бюджет қаражатын тиімді пайдалануға бағытталған саясаттың дұрыс таңдалғанын көрсетеді.

Елнар УАХИТОВ,
Қарағанды облысының қаржы және мемлекеттік активтер басқармасының басшысы

• ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

Әуе рейсі ашылады

Туризмді дамыту бағытында облыста нақты қадамдар жасалуда. Балқаш қалалық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі мамандарының мәліметінше, «Астана-Балқаш» бағытындағы әуе рейсі қайта ашылады.

Аяулым COBET,
«Ortalyq Qazaqstan»

Осы орайда жыл басында конкурстық комиссияның отырысы өтіп, оның қорытындысы бойынша «Астана-Балқаш-Астана» әуе бағыты бойынша тасымалдаушы ретінде «Qazaq Air» АҚ анықталды.

Мәліметтерге сүйенсек, аталған бағыттағы әуе билеттерінің құны алдағы уақытта 16 000 теңгені құрайды. Жаңа әуе рейсі 1 маусымнан бастап қатынай бастайды. Сонымен қатар, алдағы уақытта «Алматы-Балқаш-Алматы» бағыты бойынша әуе рейсін ашуға арналған конкурс өткізу жоспарланып отыр.

Айта кету керек, қазіргі таңда Балқаш қаласының әуежайында кешенді қайта жаңғырту жұмыстары аяқталу сатысында. Бұл өз кезегінде жаңа әуе бағыттарын ашуға мүмкіндік беріп, өңірдің туристік әлеуетін арттыруға жол ашады.

• ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЕСЕБІ ҚАРСАҢЫНДА

Жастар саясаты: тенденциялар мен перспективалар

2025 жылдың қорытындысы бойынша Қарағанды облысында мемлекеттік жастар саясатының барлық негізгі бағыттары қамтылып, жастардың өмір сапасын арттыруға бағытталған жүйелі жұмыс жүргізілді. Бұл бағытта жастардың рухани, мәдени, білім беру және кәсіби қалыптасуына, сондай-ақ, физикалық дамуына қолайлы әлеуметтік-экономикалық, құқықтық және ұйымдастырушылық жағдайлар жасалып, олардың шығармашылық әлеуетін ашу мен елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына белсенді қатысуына мүмкіндік берді.

Бүгінгі таңда облыс халқының төрттен бір бөлігін жастар құрайды (303400 адам немесе 26,4%). Қала жастарының саны – 239 183 адам (78%), ауыл жастарының саны – 64 217 адам (21,2%).

Белсенді жұмысты барлық қалалар мен аудандарда жұмыс жасайтын облыстық және өңірлік жастар ресурстық орталықтары (14), жастар үкіметтік емес ұйымдары (77) жүргізеді, барлық деңгейдегі әкімдердің төрағалығымен жастар ісі жөніндегі Кеңестер (14) жұмыс істейді. 8 жоғары оқу орны мен 51 колледж бар.

Қазақстан Республикасының 2023-2029 жылдарға арналған мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасын іске асыру аясында барлық бағытта жұмыс ұйымдастырылды.

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың өмір сүру сапасын жақсарту мақсатында (2023-2027 жылдарға арналған тұрғын үй-мен қамтамасыз етудің Кешенді жоспары) 2025 жылы 88 жоспар бойынша 96 пәтер берілді (Балқаш – 23, Саран – 23, Теміртау – 20, Шахтинск – 2, Абай – 8, Бұқар жырау – 17, Нұра – 2, Шет – 1).

«Қарағанды облысының жастар ресурстық орталығы» КММ жанынан жастардың бастамаларын қолдау, жұмысқа орналасуға жәрдемдесу, іс-шараларды ұйымдастыру, психологиялық, заң көмегін көрсету бойынша жұмыстар ұйымдастырылды.

Орталықта жастарға әлеуметтік-құқықтық және психологиялық қолдау көрсету бөлімі жұмыс істейді. Балалар үйінің түлектері үшін ЖРО психологтары мен заңгерлері жыл бойы 11 мыңнан

астам консультация өткізді, оның ішінде, 594 заңгерлік және 1037 психологиялық консультация, жұмыспен қамту бағдарламасы бойынша – 7235, кәсіпкерлік мәселелері бойынша – 1 641, репродуктивті денсаулықты сақтау және отбасын жоспарлау бойынша кеңестер 160, құмар ойындардың (лудоманияның) қауіптілігі туралы кеңестер 594 (барлығы 11 261).

2025 жылы «Жасыл ел» еңбек жасақтары арқылы жастарды маусымдық жұмыспен қамту ұлғайтылды. Қамту 4 990 адамды құрады (2024 жылы – 4 800 адам). Сарбаздар қатарына қабылдау кезінде қатысушының әлеуметтік мәртебесі ескерілді. Осылайша, қатысушылардың кем дегенде 10%-ы мемлекет тарапынан ерекше қолдауды қажет ететін жасөспірімдер болды.

2021 жылдан бастап, «Jas fund» жастардың зияткерлік және шығармашылық бастамаларын қаржылай қолдау қоры жұмыс істейді. Бір өтініш берушіге қаржылық қолдау мөлшері 100 АЕК құрайды. Қорды қаржыландырудың жалпы сомасы 2025 жылы 9 млн құрады. Қорытындысы бойынша 24 өтінім қолдау алды.

2025 жылы облыс әкімінің «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантына конкурс өткізілді. Грант облыстың жас азаматтарға жемісті ғылыми, шығармашылық, кәсіби және қоғамдық қызметі үшін беріледі. Бес бағыт бойынша 25 грант табысталды (бизнес – 10, мәдениет – 3, медиа – 5, ақпараттық технологиялар – 1, ғылым – 2, волонтерлік – 4).

Бүгінгі таңда өңірде 75 волонтерлік ұйым мен топ жұмыс істейді, олар 4 мыңнан астам адамды, негізінен жастар-



ды қамтиды. Жалпы үйлестіру жүзеге асырылатын және волонтерлік ұйымдарға ресурстық көмек көрсетілетін волонтерлердің өңірлік фронт-офисі жұмыс істейді.

2025 жылы 1 105 волонтерлік іс-шара өткізілді, оның шеңберінде, 6 800-ден астам адам қамтылды.

Қазақстандық патриотизмді нығайту аясында «Жас сарбаз» әскери-патриоттық қозғалысы дамуда. Жыл сайын әскери-патриоттық клубтар «Айбын» республикалық әскери-патриоттық жиынына қатысады. Әскерге шақырылушыларды салтанатты түрде шығарып салу, жас офицерлер балы, «Ардағым ардагерім» жастар акциясы өткізіліп тұрады.

Жастар өзін-өзі басқарудың ерекше нысаны ретінде облыстың жоғары оқу орындары мен колледждерінде жастар істері жөніндегі комитеттері мен студенттік өзін-өзі басқару органдары жұмыс істейді.

Бүгінгі таңда облыстың 8 ЖОО-да 14 студенттік өзін-өзі басқару органдары жұмыс істейді, олардың қатысушылары 4 536 студент бар.

Студенттік өзін-өзі басқару органдарының мүшелері жоғары оқу орында-

рының алқалы басқару органдарының құрамына кіреді (ғылыми және академиялық кеңестер; тәрбие жұмысы жөніндегі кеңес; факультеттер кеңесі; жатақханалардың студенттік кеңесі; жоғары оқу орындарының бюджеттік комиссиялары; әдеп жөніндегі кеңес).

Студенттердің өз Парламенті бар, ол жоғары оқу орындарының басшылығымен өзара іс-қимыл шеңберінде студенттердің мүдделерін білдіреді.

Облыстың жоғары оқу орындарында 87 жастар клубы жұмыс істейді, олардың қызметі студенттердің азаматтық белсенділігін, көшбасшылық қасиеттерін, спорттық, шығармашылық және зияткерлік әлеуетін дамытуға бағытталған. Аталған клубтар белсенді жастарды біріктіреді, әлеуметтік, мәдени, волонтерлік және білім беру жобаларын іске асырады, сондай-ақ, қалалық және облыстық іс-шараларға қатысады. Бұл органдардың қатысушылары шамамен 5000 студент.

2025 жылдың 3 тоқсанының қорытындысы бойынша NEET-жастардың үлесі 6,5% (18 530 адам) құрайды. Бұл 2024 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 1,4% - ға төмен (2024 жылғы 3 тоқсан – 7,9%).

Статистика органдарының деректеріне сәйкес, 2025 жылдың 3 тоқсанының қорытындысы бойынша жастар жұмыссыздығының деңгейі 3,0% (5 491 адам) құрады, бұл 2024 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 0,1%-ға төмен.

Облыс бойынша 10 коворкинг-орталық (Балқаш, Приозерск, Саран, Теміртау, Шахтинск қалаларында, Ақтоғай, Қарқаралы, Осакаров, Бұқар жырау, Шет ауданында) және облыс орталығында 1 комьюнити-орталық жұмыс істейді.

Әлеуметтік қызметтер көрсету және жастар үшін әлеуметтік инфрақұрылым құру шеңберінде облыстық Комьюнити-орталықтың жұмысы ұйымдастырылды, онда 7 аймақ бар: дыбыс жазу, дизайн, подкасттар (бейнероликтер) студиялары, «TikTok» қосымшасында түсірілім үшін аймақтар, дрондарды ұшыруды оқыту,

кәсіптік бағдарлау жұмыстарын жүргізуге арналған жұмыс аймағы, түрлі форматтағы іс-шараларды өткізуге арналған коворкинг аймағы.

Әр аймақтың кураторлары контент пен өнімдерді (дизайнерлік киімдер, әндер, каверлер, подкасттар, бейнероликтер және т.б.) жасаудан басқа, оқу материалдарын жасайды, оқушыларды өз бетінше жұмыс істеу үшін қажетті дағдыларды алғанға дейін жүргізе отырып тренингтер өткізеді. Барлық қажетті материалдарды, арнайы жабдықтарды және т.б. пайдалану тегін негізде ұсынылады.

Облыстық жастар ресурстық орталығының базасында жастар арасында нашакорлық пен есірткі қылмысының алдын алу жөніндегі фронт-офис жұмысын бастады.

Облыста өңір үшін бірегей «Талдау мектебі. Қарағанды» жобасы іске асырылды. Ол жоба жастардың кәсіби құзыреттілігін арттыруға, сыни ойлау мен стратегиялық талдау дағдыларын дамытуға бағытталған.

Қарағанды облысының «жастарға арналған өңір» ретіндегі позициясын күшейту үшін маңызды іс-шараларды ұйымдастыру ұсынылады.

Біз мемлекеттік жастар саясатын іске асырудың, жастар проблемаларын шешу тетіктерін жетілдірудің тиімді нысандарын үнемі іздестіруді жалғастырамыз. Атап айтқанда, жастар мүдделері саласында бірыңғай саясат жүргізу кезінде жастар қоғамдық бірлестіктерінің, жастар мәселелерімен айналысатын жастар емес қоғамдық ұйымдардың, мемлекеттік органдардың, бизнес-ұйымдардың және жастардың әртүрлі әлеуметтік топтары мен қауымдастықтарының сектораралық өзара іс-қимылы ретінде жастар саясатын дамытатын боламыз.

Айсұлу ЕРНИЯЗОВА,
Қарағанды облысының
жастар саясаты мәселелері
жөніндегі басқармасының басшысы

• ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

Әрекетке – берекет

Қарағанды облыстық кәсіпкерлер палатасында бизнесті дамытуға және халықты жұмыспен қамтуға бағытталған мемлекеттік қолдау шаралары кеңінен таныстырылды. Семинар Қазақстан Республикасының еңбек нарығын дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы аясында ұйымдастырылып, кәсіпкерлерге, жастарға және әлеуметтік осал санаттағы азаматтарға арналған гранттар мен бағдарламаларды қамтиды.

Қазақстан Республикасының еңбек нарығын дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы аясында берілетін 400 айлық есептік көрсеткіш (АЕК) көлеміндегі мемлекеттік қайтарымсыз грант мөлшері 1 730 000 теңгені құрайды. Аталған грант жаңа бизнесті бастауға немесе қолданыстағы істі дамытуға арналған бастапқы капитал ретінде ұсынылады.

1 730 000 көлеміндегі мемлекеттік грантқа тіркелген жұмыссыздар, кәсіпкерлер, мүгедектігі бар адамдар, мүгедек бала тәрбиелеп отырған ата-аналар, асыраушысынан айырылуына байланысты әлеуметтік төлем алушылар, көпбалалы отбасылар, қоныс аударушылар мен қандастар үміткер бола алады.

Маңызды талаптардың бірі – «Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқыту сертификатының болуы.

«Бастау Бизнес» жобасы әлеуметтік санатқа жататын азаматтарға кәсіпкерлік бойынша базалық білім мен тәжірибе алуға мүмкіндік береді. Бағдарламаға жұмыссыздар, табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен азаматтар, жеке кәсіпкерлер және отбасылық кәсіпкерлікпен айналысатын тұлғалар қатысады.

2025 жылы Қарағанды облысында 1740 адам «Бастау Бизнес» жобасы бойынша оқытудан өтті, ал, 225 адам қайтарымсыз мемлекеттік грант иеленді. Оның ішінде, көпбалалы отбасылар – 114 адам, мүгедектігі бар адамдар – 58, мүгедек бала тәрбиелеп отырғандар – 38 адам, асыраушысынан айырылғандар – 9 адам, қандастар мен қоныс аударушылар да бар.



Мемлекеттік грантқа өтінім беру business.enbek.kz порталы арқылы жүзеге асырылады. Үміткер алдымен порталда тіркеліп, өз мәртебесінің талаптарға сәйкестігін тексереді. Одан кейін бизнес-жоспар жүктеліп, комиссия алдында жоба таныстырылады. Грант мақұлданған жағдайда шартқа электронды цифрлық қолтаңба арқылы қол қойылады.

Атап айтқанда, жастар практикасы, қоғамдық жұмыстар, әлеуметтік жұмыс орындары, «Күміс жас» жобасы, субсидияланатын жұмыс орындары бар.

Бұл бағдарламалар азаматтардың еңбек нарығына бейімделуіне, тәжіри-

бе жинақтауына және тұрақты жұмысқа орналасуына мүмкіндік береді.

Айта кету керек, Қарағанды облысының Кәсіпкерлер палатасы мен Еңбек мобильділігі орталығы мемлекеттік қолдау шаралары бойынша кәсіпкерлерге өтінім беруден бастап, жобаны іске асыруға дейін жан-жақты сүйемелдеу көрсетуді жалғастырады.

Толғанай БЕРМЕНБЕТ,
Е.Бөкетов атындағы
ҚарҰЗУ IV курс студенті

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Мектеп асханасындағы ахуал нешік?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұл – аллергиясы бар немесе арнайы медициналық көрсеткіштері бар балалардың да қауіпсіз әрі сапалы тамақтануына мүмкіндік береді. Сонымен қатар, мектеп асханаларында пайдалануға тыйым салынған өнімдер толықтай алынып тасталған.

Қазіргі таңда бір реттік ыстық тамақтың құны оқушылардың жас ерекшелігіне қарай сараланып, қосымша күн салығын (ККК) ескере отырып бекітілген. Атап айтқанда:

– 1-4 сынып оқушылары үшін – 731 теңге;

5-9 сынып оқушылары (әлеуметтік осал топ санаты) үшін – 827 теңге;

– 10-11 сынып оқушылары (әлеуметтік осал топ санаты) үшін – 892 теңге.

Бұл бағалар биылғы оқу жылының соңына дейін өзекті және қолданыстағы тамақтандыру стандартына сәйкес тамақтану нормаларын толық қамтамасыз етеді.

Облыс бойынша мектептерде тамақтандыру қызметтерін 143 жеке кәсіпкер көрсетіп отыр. Бұл салада бәсекелестік ортаның қалыптасуы қызмет сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Балалардың қауіпсіздігі мәселесі де ерекше назарда. Бүгінгі таңда өңірдегі 172 мектепте Қазақстан Республикасы Білім министрлігі 2022 жылғы 30 наурыздағы №117 бұйрығының 77-тармағына сәйкес аппараттық-бағдарламалық кешендер орнатылған. Бұл кешендер білім беру саласындағы террористік тұрғыдан осал объектілерді қорғау жөніндегі талаптарға толық жауап береді.

«Әлеуметтік әмиянның әлеуеті»

Аталған мектептерде «Отан мектеп», «Е-Асхана», «Nomad Ashana» кешенді аппараттық-бағдарламалық жүйелері орнатылып, олар «Әлеуметтік әмиян» ақпараттық жүйесімен интеграцияланған. Бұл жүйелер арқылы тамақтандыру процесінің ашықтығы қамтамасыз етіліп, ата-аналар мен тиісті органдар тарапынан бақылау жүргізу мүмкіндігі артты.

Ата-аналар үшін «Әлеуметтік әмиян» платформасының тағы бір маңызды артықшылығы – баланың мектептегі күнделікті ас мәзірін егжей-тегжейлі көру мүмкіндігі. Қосымшада әр күнге арналған тағам атаулары, көлемі, өнім құрамы және рациональн энергетикалық құндылығы (калориясы) көрсетіледі. Ата-ана баласына ұсынылған ас мәзірінен ет, көкөніс, сүт өнімдерінің мөлшерін, қант пен май көлемін нақты бақылай алады.

Сонымен қатар, облыстағы 205 шағын жинақты мектепте «Бизнес әмиян» тегін мобильді қосымшасын енгізу жұмыстары жүргізілді. Бұл да – цифрлық шешімдерді білім беру саласына енгізудің нақты көрінісі.

Жалпы алғанда, өңірде мектептегі ыстық тамақты ұйымдастыру жүйесі кезең-кезеңімен жетілдіріліп келеді. Бұл бағыттағы жұмыстар балалардың денсаулығын қорғауға, әлеуметтік теңдікті қамтамасыз етуге және білім беру сапасын арттыруға бағытталған. Мемлекет тарапынан көрсетіліп отырған бұл қолдау – болашақ ұрпақтың амандығына жасалған маңызды инвестиция.



Суреттер ЖКИ

• КӨРМЕ

Таспадағы табиғат тамашасы

Қарағанды облыстық бейнелеу өнері мұражайында «Қарағанды» фото-клубының қыс тақырыбына арналған көрмесі өтті. Онда 23 фотошөбердің жүзге жуық туындысы көптің назарына ұсынылды.

Көрмеге қойылған жұмыстарда Қарағанды қысының сан алуан қырлары бейнеленген. Фото авторлары қаланың қысқы көрінісі мен боранды сәтін қалт жібермей, таспаға түсіріпті. Одан бөлек, қыстың керемет көрінісін де шебер жеткізген.

Клуб мүшелерінің туындысы әртүрлі уақытта әрі түрлі жанрда түсірілген. «Қарағанды» фото-клубының негізін қалаушы Тимур Кудеринов көрме авторларына стиль немесе түсірілім уақытына шектеу қойылмағандығын баса айтты.

— Бізде қыс — қатты. Әрі аяз. Сондықтан, түсірілім жағдайы оңайға соқпады. Барлық фотограф студиядан тыс жұмыс істеуге дайын емес. Сол себепті нәтиже біз күткендегіден де қызық шықты, — деді Тимур Кудеринов.

Экспозиция көрерменге эмоциялық тұрғыдан да керемет әсер қалдырды. Фотосуреттерде жарықтың рөлі ерекше. Әр фотограф өз туындысында күннің түскен сәулесін өзінше таспалаған. Бірі еңкейіп батып бара жатқан күн шуағын өз туындысына жаратса, екіншісі, таңның атқанын бейнелеген.

Айта кетейік, көрме 8 ақпанға дейін жалғасады.

Дарина САМЕН,
Е.Бөкетов атындағы
ҚарҰЗУ
IV курс студенті

• БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

Теміржол әлеміне алғашқы қадам

Қарағандыда балалар мен жасөспірімдерге арналған «Жас теміржолшы» үйірмесіне кезекті жыл сайынғы қабылдау басталды. Үйірмеге қызығушылық танытқан 12-16 жас аралығындағы жасөспірімдер тегін білім алады.

Үйірмеге қабылданған оқушылар жас ерекшеліктеріне қарай бірнеше топқа бөлінеді. Сабақтар аптасына екі немесе үш мәрте ұйымдастырылмақ. Ал, нақты оқу кестесі топтардың толық жиналуына, оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай бөлінбек. Сабақ барысында, үйірме қатысушылары Қарағандыдағы Орталық саябақта орналасқан балалар теміржолына, Сұрыптау ауданындағы филиалға барып, жұмыс барысымен танысуға мүмкіндік қарастырылған.

Сабақтарды теміржол саласында ұзақ жылдар бойы еңбек еткен, тәжірибелі зейнеткер машинистер жүргізбек. Олар өздерінің кәсіби білімдерімен бөлісіп, оқушыларды жауапкершілікке, тәртіпке әрі қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйретеді. Оқу барысы алдымен теориялық дайындықтан басталады.

Жаз мезгілінде Орталық саябақтағы балалар теміржолы жұмысын бастаған соң, оқушылар теорияда алған білімдерін тәжірибе жүзінде қолданады. Олар кондуктордың міндетін атқарып, жұмыс барысымен танысады. Пойызды сумен қамтамасыз етіп, техникалық көрсеткіштерді де бақылауды үйренеді.

Диана ТІЛЕМІС,
Е.Бөкетов атындағы
ҚарҰЗУ
IV курс студенті

• «ORTALYQ QAZAQSTAN» ГАЗЕТИНЕ – 95 ЖЫЛ

Ғұмырын ғылымға арнағандар

Журналист өзінің қызмет жолында талай адамдармен, іскер мамандармен, ғұлама ғалымдармен танысып, пікірлеседі, олардың өмірлік жолына, тағдырына қанығып, тіпті тұтас бір саланың тарихы бойынша білгір де болып шығады. Мен үшін химия-металлургия саласы сондай бір етене жақын болып алды.

1980 жылы ұстазымыз әрі басшымыз, бас редактор Рамазан Сағымбеков тың идея көтеріп, Қазақстанның алдағы 60 жылдық мерекесі құрметіне облыстың түпкір-түпкіріндегі кәсіпорын, шаруашылықтардан «Алпыс жылдыққа — алпыс репортаж» деген айдармен номер құрғатпай материалдар беруді ұсынды. Ұсынып қана қойған жоқ, оны маған және тәжірибелі журналист Базарбай Мұстафин мен жас қаламгер Мағауия Сембаева жүктеді. Бұл туралы біз бұрын-рақта талай естелік жазғанбыз, ақыры Журналистер одағының сыйлығын алып, бір маркайып қалғанбыз. Жұлдызды сәт еді! Бұл жерде айтайын дегенім, бір репортаж жазудың арқасында айтулы ғалымдармен танысып, кейін тұтас бір саланың тыныс-тіршілігін үнемі қадағалап отыратын болдым.

Мен ол кезде күрделі құрылыс, өнеркәсіп бөлімдерінде істеп, «Теміртау жұмысшысы» деген арнайы беттер шығарып, өндіріс тақырыбына біраз төселіп қалған едім, әсіресе, Қарағанды металлургия комбинатының проблемаларына қанықпын. Мәселе мынада. 1975 жылы комбинатта №2 алломерат фабрикасы мен өнімді №4 домна пеші іске қосылып, олар Лисаковскінің «кедей» рудасымен жұмыс істеуге кіріскен. Кен құрамында темірдің ара салмағы аз да, фосфордың мөлшері көп, мұның бәрі агрегаттардың өнімді жұмыс істеуіне бөгет болды. Проблеманы шешуге Одақтың іргелі ұжымдарымен қатар Қарағандыдағы Химия-металлургия институты да білек сыбана кіріскен. Сондықтан, редакторға жерлес ғалымдардың ізденіс газетке жазуды ұсындым. Редактор Ебіней Бөкетовке де жолығып, пікірін жариялауды тапсырды. Академик ағамыз осы ғылыми ұжымды 1960-1972 жылдары басқарған. Ол кезде қуғынға ұшырап, университет ректорлығынан алынып, үлкен басымен тек кеңесші қызметінде жүрген. Газет-журнал қызметкерлері сұхбат алуды, кешегі шәкірттері қатынасуды кілт үзген.

Институттың қара металлургия бөлімінде мен Лисаков кенін кешенді игеру мәселесімен айналысып жүрген талантты ғалым, техника ғылымдарының кандидаты, зертхана меңгерушісі Әбікен Рахимовқа жолығып, ғылыми жұмыстарының басты бағыттарымен таныстым. Қарағандылық ғалымдар қолданылып жүрген гравитациялық әдіспен байыту-

дың орнына кенді күйдіру-магнит әдісін ұсынады. Бірақ мұны өндіріске енгізу талай кедергілерге тап болып отырған екен. Сонымен қатар, шлағынан ванадий, алюминий, тіпті, фосфат айыруға болады деп, сол кезде «тәтті қиял» болып есептеліп келген ойларын, яғни кенді кешенді игеру жөніндегі ойларын жайып салды.

Осы жолы академик Е.Бөкетовке де жолығып, институт ғалымдарының түсті және сирек кездесетін элементтерді ұқсату жөніндегі әңгімесін жазып алдым. Кейін оны бауыры Қамзабай менің «опальный» ғалыммен кездесіп, шағын да болса сұхбатын жариялағанымды редактор екеуміз жасаған ерлікке балады. Бұл — енді жеке әңгіме.

Сөйтіп, газеттің 23 тамыз күнгі санына «Іргелі зерттеулер ордасы» деген үш автор қол қойған, бірақ мен жазған репортаж тұрғысындағы мақала жарыққа шықты. Әбікен ағайға ұнаған болу керек, екі жылдан кейін өзінің 50 жасқа толуына байланысты мақаланы менің жазуымды сұрады. Оны да мен қызыл сөздер қоспай, таза ғылыми еңбектеріне арнап, бұрынғыны толықтырғандай болдым («Кемел шақ» 21.03.1982 ж.). Риза болғаны сондай, кейін басқа журналистер келіп, сұхбат беруді сұрағанда: «Менің өз корреспондентім бар», — деп жолатпапты деп естідім.

Әбікен Рахимов — институтта талай шәкірттер тәрбиелеп, өз мектебін қалыптастырған ғалым. 160 ғылыми еңбектің, 2 монографияның бірлескен авторы. Оның жетекшілігімен 11 адам кандидаттық диссертация қорғап, кейін ғылым докторы, профессор атанғандары бар. Бірақ, жақсы заманның өзінде ғылыми ізденістері түрлі себептермен өндіріске енгізілмей, докторлық диссертациясын аяқтай алмады.

Одан кейінгі жылдары ХМИ ғалымдарының Қазақстанның минералдық шикізат қорын байыту бағытындағы еңбектері жоғары бағаланып, 2001 жылы ғылым ордасының бұрын-соңды директорлары Ж.Әбішев, М.Толымбетов, Б.Хасен, С.Байсанов, т.ғ.к. С. Дүйсембаева, 2003 жылы т.ғ.д. А.Ақбердин, В.Ким, т.ғ.к. А.Ким, 2005 жылы т.ғ.д. В.Малышев, х.ғ.к. А.Нұрмағамбетова ҚР Мемлекеттік сыйлығына ие болғанда қуана хабарлап, ал 2017 жылы Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылған еңбек туралы («Қазақстан Магниткасын қайта түлетеді», 2.07.2017 ж.) пікір білдіріп, лауреаттары туралы (Ә.Ахметов, А.Мұхтар) суреттеме



жазғанмын. ХМИ-дің жетістіктері «Қазыналы қарашанырақ» (2004 ж.) атты кітабымызда, одан бөлініп шыққан Органикалық синтез және көмір химиясы институтының 25 жылдығына арналған «Ғұламалар салған жолменен» (2.10.2008 ж.) және т.б. мақалаларда баяндалды.

2012 жылы Әбікеннің туған інісі, мектептес досым Қуан Рахимов ағасының қайтыс болуының 10 жылдығы мен туғанына 80 жыл толуына орай естелік кітап шығарайықшы деп менен өтінген еді. ХМИ ғалымдары естелік жазып береді деп сендірді, осының алдында бірнеше ғалым мен журналистің кітабын құрастырған тәжірибем бар, келісім бердім. Институтта шәкірттерінің ішінен жетекші ғылыми қызметкер, техника ғылымдарының кандидаты Майдағұл Мұқымбаева ғана қалған екен. Ол кісі естелік жазатын адамдарды белгілеп, тез арада материалдарын әзірледі. Мақалалардың орыс тіліндегі редакциясын қадағалап, үлкен көмек көрсетті. Қазақ тіліне де ағып тұр екен. Өз естелігін қазақша жазып, ішінде қаншама техникалық терминдер бар болса да, баламасын дәл тауып, орынды қолданыпты. Риза болдым. Майдағұл апайдың «технар» болса да, қазақ тіліне деген мұндай сүйіспеншілігі сүйсіндірді. Ақыры «Ғалым мерейі» деген кітапты институт әкімшілігінің көмегімен жарыққа шығардық.

Майдағұл Қоңқабайқызы Алматы облысы Балқаш ауданындағы Сарытұмсық кенізде қазақ ауылында туған, әкесінің жұмыс бабымен Тасарал, Қараой мектептерінде оқып, қазіргі Бұқар жырау ауданындағы әйгілі Үлгі орта мектебін бітірген екен. Қарағанды пединститутын химия, биология және ауыл шаруашылығы негіздері мамандығы

бойынша аяқтап, ғылымның қия жолына түсуге бел байлайды. Химия-металлургия институтының нағыз патриоты, осында 55 жыл табан аудармай қызмет етеді. Ғұмырын ғылымға арнаған жан дерсің! Атқарған ғылыми жұмыстары да сан алуан. Әбікен Рахимовтың жетекшілігімен «Қазақстан Алюминий» АҚ зауытының сапасы төмен шикізатынан глинозем алудың жаңа тәсілі» тақырыбы бойынша техника ғылымдарының кандидаты дәрежесіне диссертациялық жұмысын ойдағыдай қорғайды.

Павлодар алюминий зауытының қалдығына Теміртаудың домна кождарын қосып, металлургиялық өңдеу арқылы жасалған өндірістік сынақтар Павлодар зауытында жаңа технологияны өндіріске енгізу туралы кеңейтілген бағдарлама жасалынды. Алюминийдің керекті мөлшері бар домна кождарының өндірістік қоры жоқ болғандықтан бұл технологияны енгізу мүмкін болмады. Бірақ ашқан жаңалықтары зауытта тексеріліп, оң бағасын алып, сол жылдардан бастап, глинозем алудың жаңа технологиясы енгізілді.

Сапасы төмен бокситтерден глинозем алудың және пайдалы компоненттерді жоғалтпаудың сілтілеу мен күйдіру үдерісін жеңілдетудің теориялық және технологиялық негіздерін даярлады. Темірі аз Лисаков кенінен темірге бай концентрат алуға, фосфоры мол кенді қазіргі талапқа сай металлургия шикізатына айналдыруды көздеген зерттеулер технологиясы ғылыми жаңалық болып бағаланып, 8 өнертабыс куәліктерімен (патент) дәлелденді және 100-ден астам ғылыми еңбектері, 3 монографиясы жарық көрді, шаруашылық есеп бойынша бірнеше ғылыми жұмыс орындалды. Алған марапаттары мен мақтау грамоталары — өз алдына бір төбе.

Міне, осылай қазақтың қаршадай келіншегі ұстазы қайтыс болып кетсе де, ғылым үшін қиын-қыстау күндер туғанда да ол бастаған істі жалғасыра берді. Бұл орайда әріптесі, т.ғ. д. А.Ақбердин аталмыш кітапта былай деп баға береді: «И только одна, из многочисленных учеников профессора, да одна Майдағуль Конкабаева мужественно продолжает его дело, несмотря на все трудности и сложности на этом долгом пути реализации идей профессора».

Майдағұл апай өнегелі отбасын құрып, жұбайы, пединститут пен ҚЭУ-де сабақ берген, экономика ғылымдарының кандидаты, профессор Зайыш Әбушахметұлы Шумековпен бірге 3 бала тәрбиелеп өсірді (ол кісі 2022 жылы 88 жасында өмірден озды). Ұлы Марат кен инженері, қызы Жанна экономика ғылымдарының кандидаты, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің профессоры, кенжесі Бауыржан КИМЭП-ті бітірген, Астана қаласында «Scala» ЖШС бағдарламасының консультанты болып жұмыс істейді. 10 немере, 8 шөбере өсіп жатыр.

Майдағұл Қоңқабайқызы әке-шешелерінің, халықтың бастасы және бала-шағаның тілегі шығар, қазір үлкен әулеттің әжесі болып, 85 жасқа келіп отыр. «Арманның аскарына құлаш ұрсам, ол әкемнің, жұбайымның арқасы, олардың рухтарына тағзым етемін», — дейді қуанышты мерейтой иесі.

Аман ЖАНҒОЖИН,
редакция ардагері,
Қазақстанның
Құрметті журналисі

СҮРЕТТЕ: Әбікен Рахимов (төменгі қатар, ортада) шәкірттерімен, оң жағында Майдағұл Мұқымбаева

• ЖОБА

Қаржылық сауаттылыққа үйретеді

Абай атындағы облыстық балалар кітапханасында «Балаларға арналған қаржылық сауаттылық» курсынның алғашқы сабағы өтті. Жоба Қарағанды облысы бойынша Ұлттық банк филиалымен бірлесіп жүзеге асырылуда. Сабақты филиал өкілдері Бектұрған Бозтериев пен Нұрлан Төрегожин жүргізді.



Сабақ барысында балаларға жеке бюджетті жоспарлау, шығындары бақылау, жинақ пен инвестицияның негізгі ұғымдары, қаржылық тәуекелдерден сақтану және ақшаға саналы әрі жауапкершілікпен қарау жолдары түсіндіріледі.

Сабақтар құрғақ дәріс форматында өтпейді. Қатысушылар үшін ойындар, пікірталастар ұйымдастырылып, күнделікті өмірден алынған мысалдарға негіз-

делген практикалық тапсырмалар беріледі.

Сонымен қатар, қатысушыларға кітапхана қорындағы қаржылық сауаттылыққа арналған әдебиеттер таныстырылды. Олардың қатарында А.Рахматуллының «Ұлы Жібек жолындағы Тигрдің қызықты әрі тағылымды оқиғалары», Е.Блискавканың «Балалар және ақша», О.Огайдың «Тенгенің тарихы» атты кітаптары және басқа да танымал ба-

сылымдар бар.

Қарағанды облысы бойынша Ұлттық банк филиалы директорының орынбасары Бектұрған Бозтериевтің айтуынша, мұндай кездесулер алғаш рет өткізіліп отырған жоқ. Жыл сайын банк өкілдері түрлі жастағы оқушылармен мектептерде және филиал ғимаратында кездесулер өткізеді. Филиалда шағын музей де бар, оған, әсіресе, бастауыш және орта сынып оқушылары қызығушылықпен келеді. Айта кету керек, музейді ересек тұрғындар да тамашалай алады.

№48 жалпы білім беретін мектептің 7-сынып оқушыларын ерекше қызықтырғаны музей экспонаттары болды. Балалар кітапханаға әкелінген коллекциялық монеталар туралы көп сұрақ қойды.

— Курс тыңдаушыларының жасы — қаржыны ұтымды баскаруды үйретуге өте қолайлы кезең. Қазіргі таңда балалар смартфондарды, түрлі қосымшаларды пайдаланады, банктік сервистерге қол жеткізе алады, ата-аналары оларға қалта ақшасын береді.

Сондықтан, өз қаражатын дұрыс бөлуді үйрету аса маңызды. Тұтынушылық қоғамда көпшілік жаңа гаджеттерге ұмтылады, алайда, әрқашан «бұл маған дәл қазір қажет пе?» деген сұрақты қою маңызды. Біз осы түсініктерді балалардың санасына қарапайым әрі түсінікті тілмен жеткіземіз, — деді Бектұрған Бозтериев.

Алғашқы сабақта балалар шығындарды жоспарлау, ақша жинау, тұтынушылық қоғам, алаяқтық әрекеттерден сақтану, гаджеттер мен қосымшалардағы құпиясөздерді дұрыс қалыптастыру, сондай-ақ, шығындарды есепке алуға арналған қосымшалар туралы мағлұмат алды.

Аталған курс айына бір рет өтеді. Алдағы сабақтардың тақырыптары туралы ақпарат Абай кітапханасы арқылы қосымша хабарланады.

Жанерке ЖАҚЫПОВА,
Е.Бөкетов атындағы
ҚарҰЗУ
IV курс студенті

Сурет автордан

• БРИФИНГ

Залал кемігенмен, қауіп жоқ емес

Қарағанды зиянды заттар шығарындыларын 4 мың тоннаға қысқарта алды. Мұндай көзайым дерек қоршаған ортаны қорғау шараларының нәтижелі болғанын аңғартса керек.



Суреттер ЖИ

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

– Бұл кездейсоқтық емес. Өркениетке бейімделген өндірісті жаңғырту мен жасыл технологияларды енгізу бойынша мақсатты жұмыстың нәтижесі, – деп түсіндіреді облыстық экология департаментінің орынбасары Айман Құлатаева аймақтық коммуникациялар қызметінің ақпараттық алаңындағы тілшілерге жауап ката отырып.

Экологтардың айтуынша, залалды шығарындылардың әрі қарайғы азаюы – өңір тұрғындарының өмір сапасын жақсартудың алтын кілті. Мұны алдағы жылдар айқындай түспек. Иә, эмиссияларды төмендету бойынша жұмыстар жалғасу үстінде. Алғы шепте «ГРЭС Топар» ЖШС. Мұнда қазандықтардағы батареялық эмульгаторларды ағымдағы жөндеу жүргізіліп, бірінші кезеңдегі қазандықтардың түтін газдарын белсенді сіңіргіштермен өңдеу енгізілген. Май салқындатқыш турбиналарды жөндеу де назардан тыс қалған жоқ: жабдықтың

тиімді жұмысын қамтамасыз етіп, энергия шығынын азайтты. «Kazakhmys Energy» компаниясы да артта қалмай эмиссияны бақылауды күшейтіп, жүйелердің жалпы сенімділігі артқан. Ал, «Kazakhmys Smelting» кәсіпорны скрубберді жөндеу мен реттеуге басымдық берген. Қарағанды, Теміртау және Балқаш тұрғындары ауа тазара бастағанын жасырмайды. Экологтар егер осы қарқын сақталса, өңір жаңа тұрақтылық стандарттарына жете алатынын болжайды.

Берілген экологиялық рұқсаттар шеңберінде облыстың ірі кәсіпорындары тарапынан былтыр табиғатты қорғау іс-шараларын іске асыруға 33 млрд теңгеден астам қаражат көзделген еді. Қомақты қаражат аймақты 2025-2030 жылдарға арналған экологиялық мәселелерді кешенді шешу жөніндегі жол картасын іске асыруға жұмсалуда. Стратегиялық мәні бар құжатта белгіленген ауқымды жұмыстар аясында өңірдің жетекші компаниялары

техникалық және табиғатты қорғау шараларын жүзеге асырды. Алда – жаңа кезең: модернизациядан бастап, нәтижелі мониторингке дейін. Қарағанды, Теміртау және Балқаш тұрғындары қарқынның бәсеңдеуін және өңірдің «жасыл» трансформацияның үлгісіне айналуын күтуде.

Бірақ, экология дегеніміз тек ауа сапасы ғана болмаса керек. Өңірдің өзекті мәселелерінің бірі – заңсыз қоқыс алаңдары. Ең қауіптісі жергілікті жұрт «Тарихи қоқыс алаңы» деп атап кеткен жерлер бірнеше жыл бойы топырақ пен суды ұлап келеді. Ұзақ уақыт назардан да тыс қалған.

– Бұл мәселе онжылдықтар бойы созылып келеді, оны радикалды түрде шешу керек, – дейді тұрғындар бірауыздан.

Кезінде салалық департамент бастамасымен Теміртаудағы Қ.Аманжолов, Подгорная көшелеріндегі ірі қоқыс алаңын тазалау үшін 100 миллион теңге бөлініп, жылдар бойы тауға айналған қоқыс ошағы ақыры жойылды. Есесіне көптеген тұрғын мұндай «құпия» нүктелер туралы білсе де, ресми полигондардағы заңды төлемдерден жалтару үшін қоқысты сол жерге тастайтынын қайтерсіз.

– Осыған байланысты, «қызыл аймақтарда», яғни, қоқыс үйінділері тұрақты түрде пайда болатын әрі тез өсетін орындарда қосымша бейнебақылау камераларын орнату мәселесін шұғыл қарастыруды ұсынамын. Мұндай проблемалық аймақтар облыстың барлық аудандарында кездеседі, – деді Қарағанды облысы бойынша экология департаментінің орынбасары Айман Заруханқызы. – Камералар тек қана заң бұзушыларды тіркеп қоймай, жаңа оқиғалардың алдын алатын мықты deterrent ретінде қызмет етеді. Әкімдіктерге облыс қалалары мен аудандарында осындай қауіпті учаскелердің толық тізбесін жасап, бейнебақылау камераларын орнатуға және рейдтік іс-шаралардың санын едәуір арттыруға міндеттеу қажет.

Бүгінгі таңда облыста 168 полигон бар, оның ішінде 53 полигон заңдастырылған.

Тазарту құрылыстары мен кәріз желілерінің жағдайы әл-әзірде сын көтергісіз. Тозу деңгейі 80%-ға жеткен. Кейбір елдімекендерде атымен жоқ. Өткен ғасырда салынған желілер тозған, ал технологиялық жабдықтар соншалық ескірген, таза өңдеу сапасын қамтамасыз ете алмай, токсиндердің табиғатқа және су қоймаларына түсуіне жол береді. Күнгейде кәріз желілері мүлдем жоқ. Тұрғындар бірнеше рет шағымданған. Әрекет ету уақыты келгендей.

• ӨҢІРЛЕРДІ ДАМУ

Ауылдан да чемпиондар шығады

Нұра ауданына қарасты Ахмет ауылында бұқаралық спортты дамытуға бағытталған жаңа спорт клубының салтанатты ашылу рәсімі өтті. Аталған шараға ауыл тұрғындары, ардагерлер, жастар, спортшылар және арнайы шақырылған құрметті қонақтар қатысты.



Ермек БАЛТАШҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Салтанатты іс-шара барысында Нұра ауданының әкімі Бақытжан Мұқанов ауыл тұрғындарын маңызды нысанның ашылуымен құттықтап, Мемлекет басшысының тапсырмаларына сәйкес аудан көлемінде салауатты өмір салтын қалыптастыру, жастарды спортқа баулу бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіліп жатқанын атап өтті. Жаңа спорт клубы жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға, олардың денсаулығын нығайтуға және спорттық әлеуетін арттыруға мүмкіндік беретіні айтылды.

Жаңа спорт нысанының ашылуына демеушілік көрсеткен «Батыр боламын» қоғамдық қорына алғыс білдіріліп, бұл бастама болашақ ұрпақтың денсаулығына салынған маңызды инве-

стиция екені атап өтілді.

Іс-шара барысында спорт клубының ішкі құрылымы таныстырылып, бокс, жекпе-жек және күрес түрлерінен көрсетілімдер ұйымдастырылды. Іс-шараға қатысушылар жаңа спорт клубының материалдық-техникалық базасымен және жаттықтырушылар құрамымен жүздесті.

Қонақтар жаңа спорт клубы Ахмет ауылы жастары үшін маңызды тәрбие мен спорт ордасына айналып, болашақта ел намысын қорғайтын спортшыларды тәрбиелейді деген сенім білдірді.

Сурет ұйымдастырушылардан

• КӘСІПКЕРЛІК

Қанатын кеңге жайған кәсіпорын

Абай қаласындағы «Деметра-2005» ЖШС жылдан-жылға қанатын жайып келеді. Сол 2005 жылы білікті кен инженері, Ауған соғысының ардагері Сергей Домоевский құрған бұл серіктестік әуелде аймағымыз ғана емес, республикамыздағы кен және металлургия кәсіпорындарының жабдықтарын жөндеумен айналысып, қазір солар үшін өздері де керек жабдықтар шығаруға көшкен.

Ержан ИМАШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Мұнда еңбек ететін 32 адам 4 бригадаға бөлініп, түскен тапсырыстарға орай өз цехтарында және облыс кәсіпорындарына, тіпті одан тысқары жерлерге де барып, шахта және металлургия өндірістерінің жабдықтарын жөндеуден өткізіп тұрады. Бұл бригадалардың құрамында токарь, слесарь, бұрғылаушы, тағы да басқа білікті мамандар жеткілікті. Ал, бұрынғы 8-шахта-құрылыс басқармасының 2 мың шаршы метрлік жабық ғимаратына орналасқан өндірістік цехтары заманауи тоқарылық, слесарлық, металл кесу сияқты құрал-жабдық, аспаптармен толық жарақтандырылған.

Олар жуырда өздерінде жұмыстарына қажет газды сақтайтын газгольді ғимараттан 15 метр сыртқары жерге орнатып, жылжымалы балқыту пешін де іске қосыпты. Сондай-ақ, механикалық біріктіргіш пен қонустық ұнтақтағышқа арналған құю компауттарын жасап шығаруды қолға алған. Мұның өзі импортты алмастыруға бағытталған өнімдер болып саналады.

– Біз әріптестік көзжиегімізді кеңейту мақсатында нидерландық «Репо» фирмасымен бірлескен

кәсіпорын құрып, конвейерлік пластикалық роликтер жасауға да кірістік, – дейді Сергей Иванович, – Олар өндірістік қолданыста отқа төзімді, өрт шығару қауіпі аз. «Еңбегіне қарай өнбегі» демекші, серіктестік мүшелері тапсырыстарды уақытында және сапалы орындау нәтижесінде ай сайын 400 мың теңгеге дейін жалақы алып, олар үшін монша, асхана жұмыс істейді. Таяу мезгілде тынығу бөлмесі де дайын болып, онда билярд столы, теледидар қойылмақ.

Осынау іргелі өндірістің командирі Сергей Домоевский аудан көлемінде өтетін спорт жарыстары мен мәдени шараларға демеушілік танытып, Қарағандыдағы жетім және кембағал балаларға көмек көрсететін «Дар» компаниясына да жылына 5 рет ақша аударып тұрады.

Жаңа жыл басталғалы «Деметра-2005» ЖШС өндіріс көлемін ұлғайтуды көздеп, полупрофильмен бойынша жабдықтар сатып алуды ойластыруда. Сонда тапсырыстар мөлшері де артып, қосымша жұмыс орындары құрылады деп күтілуде.

Абай ауданы

• ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА

Оқытушылар ЖИ-ді жатсынбайды

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінде профессор-оқытушылар құрамына арналған біліктілікті арттыру курсы өтті. Оқытушылар курсы аясында білім беру қызметінде жасанды интеллектті қолдану бойынша біліктілігін арттырды.

Аталған курс оқытушылардың цифрлық құзыретін дамытуға, цифрлық сауаттылық деңгейін арттыруға және жасанды интеллект құралдарын оқу үдерісіне енгізуге бағытталды. Оқу мемлекеттік және

орыс тілінде өтті. Бағдарламаның әрқайсысы үш бағыт форматында 72 сағаттан құралған. Оқу қорытындысы бойынша 240 оқытушы курсты сәтті аяқтап, сертификатқа ие болды.

Курс бағдарламасына білім беруді цифрландыру және генеративті жасанды интеллект мәселесі енгізілген. Сонымен қатар, промпт-инжинирингтің кеңейтілген әдістері, оқу-әдістемелік материалдар мен презентациялар әзірлеуде ЖИ қолдану тақырыбы да бар. Және ғылыми-зерттеу мен білім беру тәжірибесінде ЖИ құралдарын пайдалану әдістері де қарастырылған.

ЖИ курсы Ғылым және жоға-

ры білім министрлігі бекіткен жаңа біліктілік талаптарына сәйкес өткізілді. Курс соңында қатысушылар жасанды интеллект құралдарын қолдана отырып, әзірленген цифрлық сабақ және оқу курсын ұсынды. Әрі негізгі тақырыптар бойынша тестілеуден өтті.

Дарина САМЕН, Е.Бөкетов атындағы ҚарҰЗУ IV курс студенті

• ФЕСТИВАЛЬ

Төрт жүлдемен топ жарды

Астана қаласында балалар мен жасөспірімдер арасында өткен Халықаралық «Бала шабыты» фестивалінде Қарқаралының мың бұралған бишілері топ жарып, үш бірдей бас жүлде мен бірінші орынды жеңіп алды.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Қарқаралының «Тұмар» би ансамблі аталған байқауда «Жайлауда» халық биімен, «Круче всех» балалар биімен, «Өмір» заманауи биімен үздік өнер көрсетіп, қазылар алқасынан жоғары баға алды және көрермен қауымның зор көшеметіне бөленді. Сөйтіп, осы үш би де бас жүлдеге ие болды. Сондай-ақ, қазақтың «Табиғат сұлулығы» биіне фестивальдің бірінші жүлдесі бұйырды. «Тұ-

мар» ансамблі байқауға әзірлеген оның жетекшілері – Жанерке Мұрат пен Альмира Кенесбай. Балдырғандарды талмай тәрбиелеп, би өнеріне жалықпай баулып жүрген тәлімгер ұстаздарға балалардың ата-аналары да дән риза. Жанерке Серікқызы мен Альмира Дарханқызының жетекшілігімен жас өнерпаздар әлі талай биікті бағындыратынына олар күмән келтірмейді.

Ұлттық өнеріміз бен мәде-



ниетіміздің мерейін өсірген таланттардың туған жері – Қарқаралының қасиетті топырағы қазақ

елінің маңдайына әлі талай тұлғаны туғызатыны күмәнсіз.

Сурет автордан

Киреевтен жүлде күтеміз!

Италияның Милан және Кортина-д’Ампеццо қаласында өтетін қысқы Олимпиада ойындарының басталуына да санаулы күндер қалды. 6-22 ақпан аралығында өтетін байрақты бәсекеге Қазақстанның ұлттық құрамасы спорттың 10 түрінен бақ сынамақ. Бүгінде 36 спортшы, яғни, 18 ер, 18 әйел атлет олимпиада жолдамасын қалтасына салып, Ұлттық құрама сапына енді. Солардың қатарында облыс атынан сынға түсетін биатлоншы Владислав Киреев те бар.



Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ұлттық құраманың орташа жасы – 25 жас. Құраманың ең жас спортшысы – фристайл-акробатикадан сынға түсетін Асан Асылхан. Оның жасы небәрі

– 16-да. Ал, құрамадағы ең тәжірибелі әрі жасы үлкен спортшысы – шорт-трекші Абзал Әжғалиев. Оралдық спортшының жасы – 33-те.

Құрама сапындағы ең танымал спортшылардың бірі – фристайл-могулдан сынға түсетін

Юлия Галышева. Ол – 2018 жылғы Олимпиада ойындарының қола жүлдегері. Әрі 2010, 2014 және 2022 жылдардағы Олимпиада ойындарына қатысқан тәжірибелі спортшы.

Теміртаудың тумасы биатлоншы Владислав Киреев те тәжіри-



белі спортшылардың қатарында. Жерлесіміз – халықаралық аренада жақсы нәтижелерге қол жеткізіп жүрген білікті спортшы. Атап айтсақ, былтыр қысқы Азия ойындарында 10 шақырымдық спринтте ел қоржынына алтын медаль салған болатын. Сонымен қатар, Азия чемпионаттарында да жүлделі орындардан көрінген. Айта кетейік, Владислав бұған дейін 2022 жылғы Бейжің қысқы Олимпиадасына қатысқан. Сондай-ақ, әлем кубогының кезеңдерінде және әлем чемпионаттарында Қазақстан намысын қорғап, бірнеше жақсы нәтижелер көрсетіп жүр.

Айта кетейік, биылғы қысқы Олимпиада ойындарына әлемнің 93 елінен 3 500-ден астам спортшы қатысады деп күтілуде.

Сурет Туризм және спорт министрлігінің сайтынан

• ПОЭЗИЯ

Ақындар шықты дуэльге

Қазақтың дауылпаз ақыны Қасым Аманжоловтың 115 жылдығына орай «Мен – дауылдың ұлымын» атты жас ақындар арасында поэтикалық дуэль өтті. Қазақстан Жазушылар одағының өңірдегі филиалы облыс әкімдігінің қолдауымен жыл сайын дәстүрлі түрде ұйымдастырады. Биылғы дуэльге отызға жуық ақын қатысты.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Әдеби іс-шараға Қарағанды облысының ішкі саясат басқармасының башысы Нұрлан Бикенов арнайы келіп, қатысушыларға сәттілік тіледі және поэтикалық дуэльдің мән-маңызына тоқталды.

– Халқымыздың тарихында Қасым Аманжоловтың айрықша орны бар. Алаш баласы бодандықтың құрсауында жүріп, азаттықтың ақ таңын аңсап жүргенде «Ей, тәкәппар дүние, Маған да бір қарашы! Та-нимысың сен мені, Мен – қазақтың баласы!» деп дүниеге жар салды. Ақынның өр дауысты, рухты, жалынды туындылары елдің еңсесін тіктеді. Ақын – өзінің халқына жалын сыйлайтын ерекше дарын иесі. Бүгінде облыс әкімдігі өңір-



дегі шығармашыл жастарға ерекше көңіл бөлетіні содан. Алдағы уақытта өлең додасына қатысқан жас ақындар еліміздің мәдениетін, әдебиетін, салт-дәстүрін дәріптейтін, лайықты биігіне көтеретін тұлғаға айналады деп сенемін! Бірлік пен ынтымақтың, елдіктің, егемендіктің қадір-қасиетін жырлайтын талантты ақындар өсіп-өнеді деп сенемін!

Баршаңызға осы додада ғана емес, өмір додасында жүйрік болуларыңызға тілектеспін! – деді Нұрлан Бикенов.

Қазақстан Жазушылар одағының Қарағанды облыстық филиалының төрағасы Жанат Жаңқашұлы поэтикалық дуэль игі дәстүрге айналып келе жатқанын айтты.

– Мағжан Жұмабаевтың

«Толқыннан толқын туады, Толқынды толқын қуады» деген ғажап өлеңі бар. Міне, осы поэтикалық дуэльге қатысушылар – Қарағандыдағы жана толқын. Кейінгі толқынның әлеуетін байқап, таланттыларына қолдау көрсету, олардың шығармашылық тұрғыда дамуына сеп болу – алдыңғы толқын ағалардың алдындағы бір міндет деп ойлаймын. Республика бойынша поэзияда Қарағандының әлеуеті жоғары деп бағаланады. Сол межеден төмендемеу керек деп есептеймін. Таланттар лег-легімен шығып, қазақ әдебиетіне олжа салса деп тілейміз! Бүгінгі поэтикалық дуэльдің мақсаты – осы, – деді Жанат Жаңқашұлы.

Дуэльде төрт ақын қазылардың шешімімен ақтық сынға шықты. Нұрасыл Аманжол есімді жас ақынның образды өлеңдері қазыларды да, дуэльді тамашалауға келген оқырманды да жалт қаратып, І орын алды. Ералы Ғани ІІ орыннан көрінді. Екеуі де – қарағандылық оқырмандарға енді танылып келе жатқан жас шайыр. Мақпал Көшербай мен Акжігіт Сағынтайға ІІІ орын бұйырды. Дегенмен, қазылар алқасы биылғы поэтикалық дуэльдің жаңалығы осы Мақпал Көшербай мен Акжігіт Сағынтай болғанын атап өтті.

Жұлдегерлерге қаржылай сыйлық пен кітаптар табысталды.

Сурет автордан

• БӘРЕКЕЛДІ!

Күміс те оңай олжа емес

Түркияның Стамбул қаласында шайбалы хоккейден жасөспірім қыздар арасындағы әлем чемпионаты өз мәресіне жетті. Аталған халықаралық додада Қазақстан ұлттық құрамасы үздік нәтиже көрсетіп, күміс жүлдеге қол жеткізді. Ұлттық құрама сапында өнер көрсеткен спортшылардың қатарында қарағандылық бес хоккейшіміз бар. Әлемдік турнирден жүлдемен оралған спортшыларды жерлестері Қарағанды вокзалынан қарсы алып, құрмет-қошемет көрсетті.



Турнир барысында отандастарымыз Жаңа Зеландияны – 13:2, Латвияны – 9:1 есебімен жеңеді. Кейін Түркия құрамасынан – 5:1, Нидерландыдан – 7:1 есебімен басым түсіп, ақтық кезеңге жолдама алған. Ал, финалда Оңтүстік Корея құрамасынан жеңіліп, күмісті місе тұтты. Дегенмен, бұл жетістік ұлттық құрама үшін үлкен олжа. Ел намысын қорғаған спортшылар қатарында Алина Жакулина, Виолетта Тимон, Калима Нигматулина, Рената Лившиц және Анна Климова сынды Қарағанды хоккей мектебінің тәрбиеленушілері бар.

Шабуылшы Рената Лившиц – ұлттық құрама сапында ойынның негізгі минутында мұз айдынына шыққан спортшының бірі. Команда сапында оң қапталдан шабуыл ұйымдастырып, нәтижесінде, төрт шайба салып, бес нәтижелі пас берген.

– Хоккеймен төрт жылдан бері айналысамын. Жалпы, бұл спорт түріне бала кезден қызығатынымын. Сол қызығушылығым мені үлкен спортқа алып келді. Әрі ата-анам мені жиі хоккей ойындарын тамашалауға апаратын. Әрдайым «Сарыарқа» командасына жанкүйер болдым. Чемпионат барысында Жаңа Зеландия және Түркияға қарсы ойынға қатысып, жақсы нәтиже көрсеттім. Қазір өзім айналысып жүрген ісімен үлкен ләззат аламын, – деді жас спортшы.

Ал, хоккейден облыстық әйелдер командасының бас бапкері Василий Попов команданың нәтижесіне оң баға берді.

– Нәтижеге көңіліміз толады. ІІ орын да жаман көрсеткіш емес. Дегенмен, І орын алуға да мүмкіндік болды. Алайда, Корея құрамасының спортшылары физикалық тұрғыдан әлдеқайда мықты. Әрі шапшаң қимылдайды. Алдағы уақытта осы бағытта жұмыс істеп, қателіктермен жұмыс істейміз. Тактикалық тұрғыдан да кемшін тұстарымыз бар. Алдағы уақытта сол олқылықтардың орнын толтырамыз, – деді бапкер.

Айта кетейік, бұл құрама аталған чемпионаттан былтыр да күміс жүлдеге қол жеткізген болатын. Биыл да сол жетістігін қайталап отыр. Ал, бапкерлер мұндай халықаралық жарыстар жас спортшылардың тәжірибесін шыңдап, жеңіске деген құлшынысын арттырады дейді. Жас спортшыларды күтіп алған жанкүйерлері құшағын гүлге толтырып, мерейін тасытты. Сонымен қатар, Қарағанды хоккей федерациясы атынан естелік сыйлық табысталды.

Гүлім ҚУДАЙБЕРГЕН,
Е.Бөкетов атындағы
ҚарҰЗУ
ІV курс студенті

Суретті түсірген автор

• ХОККЕЙ

«Сарыарқа» тағы ұпай жоғалтты

Қарағандылық «Сарыарқа» ел чемпионатының кезекті турында тағы да ұпай жоғалтты. Жерлестер өз алаңында өскемендік «Torpedo» клубын қабылдап, бірінші ойында 3:5 есебімен жеңіліп қалды. Ал, қарымта ойында алаң иелері 3:2 есебімен қарсыластардан айласын асырды.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жерлестер өскемендік клубпен былтыр жыл соңында кездесіп, дәл осындай нәтиже тіркеген еді. Яғни, бірінші кездесуінде жеңіске жетсе, қарымта ойында ұпай жоғалтқан. Осылайша қос команда турнир аясындағы соңғы екі ойында өзара ұпай бөлісіп келеді.

Бірінші кездесуде жерлестер қарсыластарына ойын тактикасын дұрыс танда-



маған сыңайлы. Олай дейтінім, ойын басталысымен, шайбаға өскемендіктер иелік етіп, бірден шабуылға көшті. Салдарынан, ойынның небәрі 1-ші минутында есеп ашып үлгерді. Тіпті, араға екі минут салып есепті еселеп те кетті. Ал, жерлестер салынған қос шайбаға тек 8-ші минутта бір ғана шайбамен жауап қайтара алды. Есеп алшақтығын қысқартқан – Егор Смолянинов.

Екінші айналым басталысымен «Сарыарқа» сапынан Артем Лихотников қарсылас қақпасынан саңылау тауып, таразы басын теңестірген-тін. Бірақ, бұдан кейін қарсыластар қатарынан үш шайба салып, таблодағы көрсеткішті 2:5-ке жеткізді. Қатарынан салынған үш шайбаға жерлестер сапынан шабуылшы Радель Фазлеев тек бір шайбамен ғана жауап қайтара алды.

Қарымта ойында да «Torpedo» ойыншылары белсенділік танытып, бірінші болып есеп ашқан болатын. 17-ші минутта

алаң иелері сапынан Сергей Барбашев ойынның алғашқы бөлігі аяқталар тұста таразы басын теңестіріп үлгерді. Одан кейін өскемендіктер екінші айналымда шабуылды үдетіп, 21-ші минутта тағы да алға шықты. Ал, жерлестер сапынан Данила Карабан 42 және 59-шы минутта қарсылас қақпасынан саңылау тауып, командасына жеңіс сыйлайды.

Осылайша «Сарыарқа» турнир кестесінің көш басында тұрған елордалық «Nomad» клубынан бір ұпай айырмашылығымен екінші орынға тұрақтады. Қазіргі уақытта «Сарыарқа» еншісінде – 71 ұпай. Ал, елордалықтарда – 72 ұпай. Айта кетейік, елордалықтардың әлі ойналмаған үш ойыны бар. Одан кейінгі сатыда 64 ұпаймен көкшетаулық «Арлан» клубы үздік үштікті түйіндеп тұр.

Сурет клубтың әлеуметтік желідегі парақшасынан

ORTALYQ QAZAQSTAN Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет Құрылтайшысы: облыс әкімдігі МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС Директор Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА Директордың орынбасары Станислав Альбертович ПЕСНЕВ Директордың орынбасары Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА Бас редактор Е.К. МҰСАБЕК Бас редактордың орынбасары Қ.А. АЙТЖАН Сайт редакторы А.Ә. СОВЕТ Жауапты хатшы С.Б. ПЛИЯШ Телефондар: Бас редактор: 43-38-53 Бас редактордың орынбасары: 43-58-08 Интернет-редакция редакторы: 43-38-33 Жауапты хатшы: 43-49-72 Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55; Меншікті тілшілер: Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70 Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-702-216-73-50 Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19 - Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. - Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. - Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. - Материалдың жариялану ақысы төленген Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 күәлігі берілді. Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй. Электрондық пошта: ortalqy.kz@gmail.com; ortalqy.kaz@mail.ru Жарнама бөлімі: ortalqy.reklama@mail.ru Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонына хабарласыңыздар. «БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131, БИК KСJZKZXX БИН 000840001412 Тарапымы 3 969 №10 тапсырыс. Индекс 65484 Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ. Бағасы келісім бойынша «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды қ., Сәтбаев қ., 15. Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Кезекші редактор Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН
